



№5 (155), 2021
(Мамыр-Май)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Қазақ психологиялық қоғамының президенті – М.Ә. Перленбетовтың мерейтойы	3
М.А. ПЕРЛЕНБЕТОВ «Казахское психологическое общество» – предпосылки создания, деятельность на республиканском и международном уровне.....	7
Е. САТЫБАЛДЫ, Ж. АМИРКУЛОВА XX ғасыр Батыс философиясындағы адам мәселесі	12
Ш. САРТБАЕВА Бала тәрбиесінде құм терапиясының маңызы.....	15
Л. АБУЛОВА, А. КУТУБАЕВА Проблемы социальной адаптации воспитанников в домах юношества и способы их разрешения.....	18
Г. АХМЕТ, А. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Әлеуметтік педагогтың оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу жұмысы	21
А. ТАГИБЕРГЕНОВА Әлеуметтік желілердің бала психологиясына әсері жайында	25
Н. РАХМЕТУЛЛАЕВА Педагог-психологтың диагностикалау қызметі.....	27
Ж. НАЙМАНОВА Қашықтықтан оқыту барысында ата-аналарға психологиялық көмек	31
И. МОЛДАХАНОВ Студенттердің кәсіби қызметке психологиялық дайындығы	32
А. ИЛЯС, Қ.Ш. МОЛДАСАН Әлеуметтік педагогтың көмелеттік жасқа толмаған балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруы	35
Қ. БАЙЖҰМАНОВ, М. ЖҰМАНОВ, Б. ШУРТАНОВ Менің өмірімдегі психология	39
Б. ТАҒАЕВ Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолдары	40
К. ИБАДУЛЛАЕВА Ұлттық бірыңғай тестке мектеп бітірушілердің ата-аналарына психологиялық көмек.....	43
М. ИРГАЗИЕВА Гипербелсенді балалармен психологиялық жұмыс	45
Д. МОМЫНҚҰЛОВА Мамандық – өмір таңдауы	46

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
күелігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

06. 05. 2021 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>
типографиясында
басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Қ. Жарықбаев – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф. (Алматы, ҚазҰУ)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф. (Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф. (Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор (Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н., доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф. (Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф. (Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Б. Елеусінов – проф. (Қызылорда, «Өрлеу БАҰО» АҚ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог (Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
Кубигул ЖАРИКБАЕВ

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 06. 05. 2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Қазақ психологиялық қоғамының президенті – М.Ә. Перленбетовтың мерейтойы

Академик М.Ә. Перленбетов Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Дихан ауылында 1961 жылы 17 мамырда өмірге келген.

1968-1978 жылдары Қайрат елді мекенінде Октябрьдің 40 жылдығы атындағы қазақ орта мектебінде білім алған. 1978 жылы аталған мектепті үздік бітіріп Жамбыл облысы, Құлан елді мекенінде Жамбыл зоотехникалық-ветеринарлық техникумына түседі және осы оқу орнын 1981 жылы үздік дипломмен бітіреді. Сол жылы осы техникумның жолдамасымен Алматы зоотехникалық малдәрігерлік институтына күндізгі бөліміне түсіп, 1986 жылы «үздік» дипломмен тамамдайды. Оқу үздігі және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқаны үшін сол институттың анатомия кафедрасында ассистент қызметіне қабылданады.

1988-1991 жылдары Украинада Львов зооветеринарлық институтында аспирантурада оқыған. 1992 жылдың 23 сәуірінде 03.00.13. – адам және жануарлар физиологиясы мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Кеңес дәуірінің ілгері нейро және психофизиологиялық мектептерінде білімін жетілдіріп (Н.П. Бехтерова атындағы Ми институты (Санкт-Петербург, РФ), И.П. Павлов атындағы жүйке жүйесінің физиологиясы институты (Москва, РФ) ми және жүйке жүйесінің қызметін зерттейтін ғалым ретінде қалыптасады.

1992 жылы Алматы зооветеринарлық институтына қайта оралады және 1993 жылы ветеринария факультетінде деканның орынбасары қызметін атқарады.

1994 жылдың тамыз айынан «Қайнар» университетінің «Педагогика, психология және әлеуметтік пәндер» кафедрасының профессоры қызметін атқарады.

2005 жылы доцент ғылыми атағы берілген.

2007-2016 жж. – «Қайнар» университетінің оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректоры, ал 2017 жылдың 1 қарашасынан «Қайнар» Академиясының ғылыми істер жөніндегі проректоры болып қызмет етеді.

2010 жылдың 29 қыркүйегінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы социология, психология, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14А.02.32 диссертациялық кеңесінде 19.00.01 – жалпы психология, жеке адам психологиясы, психология тарихы, этнопсихология мамандығы бойынша «Тұлға

қасиеттері мен психикалық процестердің байланысы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Он жыл көлемінде жүргізілген ғылыми ізденістерінде тұлғалық қасиеттерді зерттеудің индикаторы ретінде оң және сол ми сыңарлары қызметінің (мидың функциялық асимметриясы) негізінде студенттердің типологиялық ерекшеліктері зерттелген.

30.12.2013 ж. 19.00.00. – психология мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілген.

2015 жылдың 21 сәуірінен Қазақ психологиялық қоғамы Республикалық қоғамдық бірлестігінің Президенті.

Ғылымды дамытуға қосқан үлесі.

Профессордың жетекшілігімен қазіргі таңда психология ғылымы бойынша 25 кандидаттық және 1 докторлық диссертация қорғалған.

Қазіргі кезде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы Білім саласындағы (PhD) ғылым докторы дәрежесін беретін диссертациялық кеңестің мүшесі.

Проф. М. Перленбетов педагогикалық және психологиялық жобаларды сараптайтын Ұлттық ғылыми техникалық орталықтың expertі.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Тұран университеттерінде педагогика және психология мамандықтары бойынша Мемлекеттік аттестациялық комиссияның төрағасы.

Профессор М. Перленбетов «Психофизиология» оқулығының, «Анатомия и физиология центральной нервной системы», «Оқыту процесінің психофизиологиялық негіздері» оқу құралдарының, «Психофизиология», «Зоопсихология және салыстырмалы психология», «Нейрофизиологические основы индивидуальности», «Организация и планирование научной деятельности» пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешендердің, «Тұлға қасиеттері мен психикалық процестердің байланысы» атты монографияның авторы.

150-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішінде 22-сі алыс шет елдерде, Thomson Reuters (5) және Scopus (9) ақпараттық базаларына кіретін әлемдік танымал журналдарда жарияланған (АҚШ, Ұлыбритания, Италия, Түркия және т.б.). Канадада шығатын Интеллектуалдік архив журналында жарық көрген 2 мақала АҚШ Конгресінің кітапханасына кіреді. Аталған мақалалардың 18-нің импакт-факторы 0-ден жоғары.

20-дан астам психологияның өзекті мәселелеріне арналған республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларға қатысқан.

Республикалық деңгейде сіңірген еңбектері.

2015 жылы ҚР ҰҒА Құрметті академигі Қ.Б. Жарықбаевтың бастамасымен алғаш рет Қазақстандағы әлеуметтік мәселелерді шешу үшін педагогика және психология саласының ғалымдары мен мамандарын шоғырландырған Қазақ психологиялық қоғамы құрылып, проф. М. Перленбетов аталған қоғамның Президенті болып сайланды.

Елбасы Н. Назарбаевтың алаңдаушылығын туғызған келеңсіз әлеуметтік психологиялық проблемаларды шешуге бағытталған «Психологиялық денсаулық» туралы Заңның жобасы жасалып, ҚР Өкіметінің вице-премьерінің назарына ұсынылды. 2015 жылдың 24 тамызында сол кездегі вице-Премьер Б.М. Сапарбаевтың қабылдауында болып маңызды тапсырмалар алған.

Профессордың жетекшілігімен 6 авторлық куәлік алынған. Олардың бірі мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру деңгейін анықтайтын «Hyzmet» Мемлекеттік қызметті мониторингілеу жүйесі» және екіншісі балалардың, жеткіншектердің психоэмоциялық деңгейін зерттей отырып отбасының «Портретін» жасайтын «Ресурс» диагностикалық жүйесі.

2015 жылы Білім және ғылым Министрлігінің тапсырмасымен Қазақстанда ЮНИСЕФ-тің жасөспірімдер суицидінің превенциясына бағытталған бағдарламаның ендірілуіне белсенді қатысқан. Осыған орай, профессордың тікелей басқаруымен суицидтің алдын алуына арналған 3 модулдік отандық бағдарлама дайындалып, Қарағанды қаласында мектеп психологтарының біліктілігін жетілдіру курсына өзінің өте тиімді екенін көрсетті (18-27.04.2016 ж.).

2016 жылдың 27 сәуірінде Бішкек қаласында (Қырғызстан) Евразиялық экономикалық кеңестің «Вектор психологии третьего тысячелетия» атты, I Халықаралық психологтар Форумына Қазақстан атынан қатысты.

2014 жылы «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» атты бағдарлама бойынша Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің «Кәсіптік бағдарлау» пилоттық жобасының ғылыми жетекшісі болған. Бұл жобада жұмыссыздықтың деңгейін төмендетуде психологиялық қызметтің маңызы зор екендігі анықталған.

Профессор М. Перленбетовтың белсенді ғылыми ұйымдастырушылық қызметі Қазақстандық психология ғылымын мемлекеттік және халықаралық деңгейге көтеруде.

2017 жылдың 5 қазаны күні Ресей Федерациясы (Қазан қаласы) Қазақ психологиялық қоғамы мен Ресей психологиялық қоғамының арасында халықаралық Меморандумға қол қойылды. Ресей тарапынан М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің психология факультетінің деканы, РАО академигі РПҚ Президенті проф. Ю.П. Зинченко, Қазақстан тарапынан проф. М. Перленбетов осы құжатқа ресми қол қойды.

2017 жылы 2 қараша күні Білім және ғылым Министрлігі ұйымдастырған Республикалық «Үздік психолог» конкурсының комиссия Төрағасы ретінде жеңімпаздарды марапаттады және осы іс-шараның нәтижелі өтуіне үлкен ат салысты.

2017 жылдың 7 желтоқсанында Қазақстанда алғаш рет Қазақ пси-

хологиялық қоғамының I құрылтай съезін ұйымдастырып, өткізді. Съезде резолюция қабылданып, қазақ психологиясының даму тенденциялары айқындалды. Бұл – Қазақстандық психология ғылымы үшін үлкен жетістік.

2018 жылы 28 қазанда Түркістан қаласында Республикалық жас психологтар Форумы профессор М. Перленбетовтың жетекшілігімен өтті.

2019 жылы 3-5 шілде күндері Мәскеу қаласында Еуропалық психологтар Конгресіне қатысты. Конгрестің ашылу салтанаты Кремльде, үлкен мәжіліс сарайында өтті. Конгресс жұмысына 82 елдің өкілдері қатысты. Конгресте Дүниежүзілік психологтар және Африка елдерінің психологтар ассоциациясының Президенті С. Кукер мырзамен, Еуропа психологтар ассоциациясының Президенті Т. Баптиста мырзамен және басқа да алыс, жақын шетелдердің қатысушыларымен кездесіп, келіссөздер жүргізіп қайтты.

ҚР жоғарғы білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі

Қазақстанда алғашқы рет енгізілген Бірыңғай ұлттық тестілеу жүйесін енгізуге Білім және ғылым Министрлігінің өкілі ретінде белсенді қатысып, жоғары деңгейде өтуіне ат салысқан (Қарағанды облысы, Балқаш қ. 2004 ж). Сонымен қатар Министрліктің білім беру ісін Еуропалық оқыту кеңістігіне, Болон процесі мен Дублин дескрипторларына бейімдеу, ілгері педагогикалық технологияларды оқыту процесіне енгізу, кредиттік жүйенің өзекті мәселелеріне арналған Халықаралық және Республикалық конференциялардың, семинарлардың жұмысына белсенді ат салысқан.

Жоғарғы оқу жүйесіне алғашқылардың бірі болып қашықтықтан оқыту технологияларын, ақпараттық коммуникациялық жүйелерді енгізген.

Қайнар университетінің проректоры ретінде Білім және ғылым Министрлігінің, жоғарғы оқу орындарының қызмет көрсетуін лицензиялық талаптарға сәйкестігін тексеретін комиссияларға қатысқан.

Дихан ауылында атқарылып жатқан әлеуметтік жұмыстар.

Профессор М. Перленбетовтың жеке бастамасымен және өз қаражатынан Дихан ауыл мектебінде білім алатын 3 оқушыға ай сайын шәкіртақы төленіп келеді. Шәкіртақы негізінен мұқтаж отбасыларынан шыққан, тәртібі мен үлгерімі үздік оқушыларға беріледі.

Жыл сайын «Мектепке даярлық» акциясы бойынша 1 бала мектепке профессор тарапынан даярланады. Ол оқушы мұқтаж отбасынан шыққандықтан оның мектепке дайындығы (мектеп формасы, сөмкесі, спорт киімдері және т.б.) толық профессордың қатысуымен іске асады.

Дихан ауылының мектеп оқушыларының түрлі деңгейдегі олимпиадалар, конкурстарға қатысуына профессор ылғи қол үшін беріп келеді.

Мектепте атқарылып жатқан барлық іс-шараларға белсенді араласқаны үшін профессор М. Перленбетов Дихан мектебінің Қамқорлық кеңесіне мүше болып қабылданған. Білім және ғылым Министрінің бастамасымен құрылып жатқан Қамқорлық кеңестер ауыл мектептерінің қарқынды дамуына ат салысады деп күтілуде.

Отбасылық жағдайы.

Әйелі: Абенова Гүлнар Қарауылқызы – Алматы қаласында «Тау самалы» әмбебап базарының ветеринариялық-сараптау зертханасының меңгерушісі.

Ұлы: Перленбетов Жандос – Париж (Франция) Сарбонна 12 университетінің (Седимес институты) магистратурасын (МВІ) тамамдаған. «Казахалтын» компаниясының менеджері.

Үлкен қызы: Перленбетова Жанар – Лондон (Ұлыбритания) Екзетер университетінің магистратурасын «Болашақ» бағдарламасы бойынша бітірген. Қазіргі кезде Хоумкредит банкінің Халықаралық байланыстар Департаментінің директоры.

Кіші қызы – Мұханқызы Жібек – студент. «Арнау» этнофольклорлық ансамблінің мүшесі ретінде халықаралық, республикалық, қалалық конкурстардың лауреаты (домбыра, жетіген).

Екі немересі бар: Ақназар Мұқан – 3 сынып оқушысы, Асқар Перленбет – балабақша жасындағы ұл.

«Мектептегі психология – Психология в школе» журналының ұжымы және редакциялық алқасы Мұхан Әтенұлын 60 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтап, отбасылық бақыт, шығармашылық табыстар мен зор денсаулық тілейді. Алар асуларыңыз көп болсын!

«Казахское психологическое общество» – предпосылки создания, деятельность на республиканском и международном уровне

М.А. ПЕРЛЕНБЕТОВ

Мировой экономический кризис, усиление информационной интервенции, подмена общечеловеческих ценностей и др. обострили ряд острейших проблем общества, которые не могут быть решены без психологического обеспечения различных сфер человеческой деятельности, с учетом знаний о психике и других естественно-психологических феноменов.

Обновление демократического общества, его суверенизация и гуманизация, становление правового и гражданского государства требует разработки новых психологических подходов. Рыночные отношения требуют вмешательства психологической науки в решение острых со-

циально-психологических проблем общества. К таким проблемам можно отнести актуальные проблемы сферы образования (психологическое сопровождение процесса обучения), управление кадрами и бизнесом, проблемы борьбы с коррупцией, негативные социально-психологические проблемы как суицид, особенно среди несовершеннолетних, подростковая беременность, вопросы полового воспитания, дисгармония детско-родительских отношений, интернет аддикция и другие.

Всеобщая глобализация и межэтническая интеграция, угрожающая стиранию национальных черт народов вызывает обеспокоенность ученых и деятелей различных гуманитарных наук. В связи с этим, в современной психологии особый интерес вызывает этнопсихологические аспекты развития личности. В настоящее время на первый план выходят задачи возрождения духовной культуры народов, сознания ими своих национальных особенностей и ценностей.

Для того, чтобы психологическая наука и практика не осталась в стороне от решения вышеуказанных проблем и для координации работ психологической службы группой ученых психологов и педагогов, по инициативе Почетного Академика НАН РК, д.пед.н., д.пс.н., профессора К.Б. Жарикбаева было учреждено Республиканское общественное объединение «Казахское психологическое общество», которое официально было зарегистрировано 21 апреля 2015 года Министерством юстиции РК. Президентом Общества единогласно был избран д.пс.н., проф. М.А. Перленбетов

Задачей Общества является всемерное содействие развитию психологической науки в Казахстане, пропаганда и распространение психологических знаний среди широких слоев населения, с учетом этногенеза и истории казахского и других народов, проживающих в Республике Казахстан. Реализация научно-инновационной деятельности, профессиональная консолидация ученых и специалистов Казахстана в решении актуальных социально-психологических проблем общества, также являются предметом деятельности Общества.

В целях организации международного сотрудничества Казахским психологическим обществом (КПО) были направлены официальные письма в Российское психологическое общество, Национальное общество психологов Кыргызстана и др.

23 сентября 2015 года был подписан Меморандум о сотрудничестве между КПО и Международной академией психологических наук (РФ). Президент МАПН зав. кафедрой политической и социальной психологии Ярославского государственного университета им. П.Г. Демидова, доктор психологических наук, профессор В.В.Козлов отметил, что очень рад такому сотрудничеству, так как именно интеграция науки различных стран будут способствовать позитивному развитию психологической науки и практики.

В этой связи хочется отметить, что КПО на данный момент ведет та-

кие же переговоры со странами ближнего и дальнего зарубежья (Украина, Грузия, Узбекистан, Иран, Пакистан, КНР, Монголия, Турция и др.).

С момента государственной регистрации Казахское психологическое общество (КПО) активно участвует в решении социально-психологических проблем государственного значения.

Так, со стороны Казахского психологического общества в различные Министерства и в Правительство были направлены письма по включению КПО в различные комиссии и неправительственные организации для решения острых социально-психологических проблем общества.

В результате, учитывая важность психологической науки и службы в РК Президент Казахского психологического общества М. Перленбетов 24 августа 2015 года был принят экс вице-премьером Правительства РК Б.М. Сапарбаевым. В ходе встречи Б.М. Сапарбаевым были даны конкретные поручения Казахскому психологическому обществу. В частности, было поручено КПО участвовать в экспертизе реализации программы ЮНИСЕФ по превенции суицида среди несовершеннолетних.

Казахским психологическим обществом было предложено концепция «Психологического здоровья населения РК» и предложения по принятию Закона «О психологическом здоровье», которая была поддержана вице-премьером Правительства.

В октябре 2015 года и в 2016, 2017 годах Казахское психологическое общество провело три Пленума, в работе которых участвовали члены Президиума, делегаты и представители регионов, заведующие кафедрами ведущих ВУЗов РК. Были назначены руководители психологических научных секции, руководители 6-ти региональных отделений и директора филиалов.

Пропаганда психологических знаний в стране и повышение психологической культуры населения явилось основным лейтмотивом Пленумов Казахского психологического общества.

27 апреля 2016 году в г. Бишкек проходил 1-ый Международный Форум психологов стран-участниц ЕАЭС «Вектор психологии третьего тысячелетия». Российское психологическое общество представлял вице-президент д.пс.н., проф. А.Н. Веракса, от КПО участвовал проф. М. Перленбетов. Также активное участие приняли представители Белоруссии, Армении, Кыргызстана, в лице Президента Национального общества психологов Кыргызстана д.пс.н., проф. Ч.А. Шакеевой, Израиля, Германии и др. стран. Обсуждались насущные проблемы современной психологической науки и практики. Была принята резолюция о дальнейшем взаимодействии психологов стран-участниц ЕАЭС.

5-го октября 2017 года на Съезде Российского психологического общества (РПО), проходившего в рамках Всероссийского психологического форума в г. Казань был подписан **Меморандум** о сотрудничестве между Российским психологическим обществом (РПО) и Казахским пси-

хологическим обществом (КПО). Со стороны РПО Меморандум подписал Президент РПО – д.пс.н., профессор, декан факультета психологии МГУ им. М. Ломоносова, Академик РАО Зинченко Ю.П., со стороны КПО-Президент КПО – д.пс.н., проф. Академик КазНАЕН Перленбетов М.А. Это знаменательное событие в жизни Казахстанской психологической науки.

Важным событием в истории психологии Казахстана было проведение **1-го съезда Казахского психологического общества**, который проходил 7-8 декабря 2017 года в КазНУ им. аль-Фараби. Он был приурочен 100-летию казахской психологии и связан с публикацией первой статьи Ж. Аймауытовым в 1917 году под названием «Воспитание». В статье впервые были даны психологические аспекты воспитания и роли психических знаний в формировании личности.

На съезде принимали участие более 500 делегатов со всех регионов Казахстана. Обсуждались тенденции развития казахской психологии и решались перспективные вопросы совершенствования психологической науки и практики. Была принята резолюция, о включении некоторых поправок в Устав общества и программа по дальнейшему развитию казахской психологии, по пути интеграции в мировое психологическое пространство.

29 ноября 2018 года в г. Туркестан Общество совместно с Областным центром «Отбасы, балалар және жастар орталығы» и МКТУ им. А. Яссауи провел Республиканский Форум психологов. В работе форума участвовали более 600 психологов со всех регионов Казахстана. Обсуждались вопросы профилактики деструктивного поведения среди подростков и молодежи, были разработаны предложения по улучшению обстановки и принята резолюция.

15 мая 2019 года Общество совместно с Ассамблеей народа Казахстана и Академии «Кайнар» провел международную научно-методическую конференцию, посвященную ко дню рождения д.пс.н., профессора, академика КазНАЕН С.М. Джакупова под названием «Современные тенденции развития этнопсихологии». На конференции выступали ведущие ученые в области психологии, профессора К.Б. Жарикбаев, Ж.И. Намазбаева, Х.Т. Шерьязданова, Р.А. Аязбекова, А.Т. Акажанова, О.С. Сангилбаев и др. В тот же день в Академии «Кайнар» был открыт психологический центр им. проф. С.М. Джакупова.

Академик С.М. Джакупов, Почетный профессор МГУ им. М.В. Ломоносова, выпускник этого вуза внес значительный вклад в развитие современной казахстанской психологии, создав свою психологическую школу.

02-05 июля 2019 года в г. Москва проходил **XVI Европейский Конгресс** психологов мира. Церемония открытия Конгресса прошла в Государственном Кремлевском Дворце, где присутствовали представители из 82 стран мира. Делегатом от Республики Казахстан был Президент

КПО проф. Перленбетов. Основная работа Конгресса проходила в стенах МГУ им. М.В. Ломоносова. На открытии Конгресса выступили представители Правительства РФ, Министерств и ведомств, в том числе ректор МГУ им. М.В. Ломоносова академик В.А. Садовничий. Также была представлена обширная концертная программа артистов эстрады, оперы и балета, ведущих танцевальных коллективов РФ, показавшие всю палитру российской музыки и культуры. На открытии Конгресса были вручены Премии за научные достижения в области психологии от Всемирной ассоциации психологов, от Европейской ассоциации психологов и от Российского психологического общества.

Президент РОО «Казахское психологическое общество» проф. М.А. Перленбетов вел переговоры по включению Общества в мировые психологические организации. В частности, на эту тему шли беседы с Президентом Всемирной ассоциации психологов и стран Африки С. Кукером, с Президентом Европейской ассоциации психологов проф. Т. Баптиста и др. Конгресс прошел на очень высоком научно-исследовательском уровне, где были представлены результаты исследований современной психологической науки и практики и достижения передовых психотехнологии в мире.

С началом пандемии работа РОО «Казахское психологическое общество» продолжалась в онлайн формате. Так, совместно с Министерством здравоохранения РК были открыты онлайн линии, по бесплатной консультации населения в условиях изоляции и карантина. Также, члены Общества участвовали во многих международных и республиканских мероприятиях (научные конференции, круглые столы, вебинары и др.).

За последние несколько лет по рекомендации Президиума РОО «Казахское психологическое общество» д.пед.н., д.пс.н., профессору К.Б. Жарикбаеву и д.пс.н., проф. Х.Т. Шерьяздановой были присуждены звания «Почетный член (академик) Национальной академии РК». Данный факт показывает, что РОО «Казахское психологическое общество» уверенно становится полноправным членом научного сообщества Казахстана.

Для того чтобы войти в число 30-и наиболее развитых стран мира, государство должно обеспечить не только качественную жизнь, но физическое, психологическое и социальное благополучие граждан. В связи с этим, хочется отметить, что именно психологическая наука и практика может сыграть ключевую роль в обеспечении такого благополучия. Как показывает горький опыт многих стран, игнорирование социальными и психологическими проблемами в обществе чревато необратимыми деструктивными процессами в обществе, приводящие к падению духовно-нравственных ценностей, повышению антигуманных преступлений, социальной фрустрации у населения.

Именно развитая сеть психологической службы, внедрение передо-

вых психологических технологии, интеграция с лучшими научно-практическими лабораториями мира, с учетом ментальности этноса, с привлечением конкурентоспособных специалистов и ученых обеспечит должное развитие современной психологии. Здесь важно то, что не нужно кого то догонять, кого то обгонять или быть похожим на кого то, важен **отечественный контент** со своим этническим лицом, со своим мировоззрением и умозаключением. В Казахстане работают более 40 докторов и 200 кандидатов психологических наук, а также множество выпускников магистратуры и докторов PhD.

Таким образом, Казахское психологическое общество включающая в свои ряды известных ученых – психологов, кандидатов наук, доцентов, докторов наук, профессоров, PhD докторов, магистров, опытных и перспективных практикующих психологов вполне может справиться с поставленными задачами не только образования и науки, но и актуальных проблем общества. Такой мощный научный и творческий потенциал общества говорит о том, что Общество достойно будет представлять Казахстанскую психологическую науку на международных конференциях, симпозиумах, ассоциациях и будет следовать тому прогрессивному курсу развития, заложенный предками-воинами, мыслителями востока, творцами яркой истории казахского народа.

XX ғасыр Батыс философиясындағы адам мәселесі

Е. САТЫБАЛДЫ,
Ж. АМИРКУЛОВА

Классикалық философия әмбебаптылық тұрғысынан қарастырылатын дәстүрлі мәселелерге қатаң ұстаныммен ерекшеленді.

Метафизика болмысты зерттеумен және шындықпен айналысты. Ол метафизикалық принциптер мен зерттеулердің қолданбалы мағынасына аздап алаңдады. Қазіргі философия, керісінше, адамның проблемасын оның күнделікті өмірімен тығыз байланыстырды, ол, әрине, адам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Сондықтан қазіргі философия философияның «жағасынан» қазіргі мәдениеттің кең өрісіне шықты.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы «классикалық емес» философия, барлық алдыңғы философиялық жүйелерден айырмашылығы, субъективтілік әр адамның әлемді өз бетімен көре алатындығы, оны өз бетінше түсініп, түсіндіре алатындығы, сонымен қатар әлем-

де өзін ерекше, жеке түрде көрсете алатындығы ретінде көрінеді. Бұл ХХ ғасырда үстемдік еткен және қазіргі философиялық ойдың жетекші трендтерінің бірі болып қала беретін классикалық емес философияның басты ерекшелігі. Классикалық философия, оның бүкіл тарихында, ең алдымен, дәстүрлі метафизикалық мәселелерге қызығушылық танытты – қоршаған әлемнің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі, оның шындығы мен танымының мәселелері және т.б. ол объект ретінде қарастырылатын әлемді «түсіндіруге», дерексіз теориялауға бейімділікпен ерекшеленді деп аталатын «классикалық емес» философия, ХІХ-ХХ ғасырдың басында қалыптасқан, тақырыпқа – белгілі бір адамға, жеке тұлғаға, даралыққа, өзінің өмір сүруінің әр нақты сәтін жеке және ерекше қабылдауға баса назар аударады. Бұл, мысалы, ХХ ғасырдың көптеген философиялық ағымдарының негізгі әдіснамалық парадигмасына айналған Эдмунд Гуссерльдің феноменологиялық көзқарасында айқын көрінді. Гуссерль дағдарыста болған және әлі күнге дейін болған батыстық философиялық ойлаудың бүкіл жүйесін өзгерту қажеттілігі туралы айтады – Гуссерль «объективті физикализм» деп атайтын қазіргі көзқарас пен адам табиғатына неғұрлым сәйкес келетін «трансценденталды субъективизм» арасындағы қарама-қайшылықтың нәтижесінде, ол ежелгі және Ренессанс ойшылдарының философиясының идеалы болды және Гуссерль қайта туылуға шақырады. ХХ ғасырдың маңызды философиялық бағыттарының бірі экзистенциализм деп аталады, оның адам проблемасына көзқарасы көбінесе феноменологиялыққа жақын. Адам, оның «бар болуы» және «мәні», оның даралығы мен еркіндігі экзистенциализмнің басты назарында. Сонымен, Ж.-П. Сартрдың әйгілі «Экзистенциализм – гуманизм» ұраны оның дәрістерінің бірінің тақырыбы ғана емес, сонымен бірге бүкіл философиялық бағыттың ұраны болды. Сартрдың пікірінше, экзистенциалды философия, ең алдымен, гуманистік философия, өйткені ол адам бостандығын барлық құндылықтардан жоғары қояды.

ХХ ғасырдың тағы бір беделді бағыты – психоанализ. Ол психологиялық және психотерапиялық ілім ретінде пайда болды, бірақ оның басты ашылуы-адам өміріндегі үстемдік және бейсаналық және иррационалды мотивтердің қызметі – осы бағыттың үлкен философиялық әлеуетін тудырды. Фрейдтің пікірінше, жеке психикадағы саналы «мен» (Его) инстинктивті бейсаналық дискілер арасында (Фрейд терминологиясында – Id, «ол») және ішкі цензураның бірдей бейсаналық талаптары (SuperEgo) арасында «қысылып» қалады. Фрейдтің пікірінше, физикалық (энергетикалық) сипаттағы бұл қақтығыс соншалықты тұрақты және адам өмірі үшін соншалықты маңызды, сондықтан ол экзистенциалды қақтығыс мәртебесін алады. Фрейдтің ізбасарлары бұдан әрі де осын-

дай көзқарасты дамытты және толықтырды – Карл Густав Юнг, Отто Ранк, Карен Хорни және т.б. Юнг тұжырымдамасында, мысалы, жеке бейсаналық кез-келген жеке психикада «архетиптер» түрінде болатын және кез-келген адамның өмірі мен қызметін анықтайтын «ұжымдық бейсананың» элементі болып табылады. Тұтастай алғанда, психология мен философиядағы психоаналитикалық бағыт адамның психикалық әлемінің бейсаналық компоненттеріне баса назар аударады, олар өздерінің бейсаналығына байланысты, әдетте, адамға деструктивті және патологиялық әсер етеді. Психоанализ ұсынған «Рецепт», оның ғылыми сипатына қарамастан, көптеген ежелгі шығыс ілімдерінің ұсыныстарымен сәйкес келеді, олар адамды тереңірек түсінуге шақырады. Егер Гуссерль феноменологиясы мен экзистенциализм «қолма-қол» субъективтілікпен, қоршаған әлемді жеке-жеке қабылдаумен, адам өмірінің күрт қиындықтарымен айналысатын болса, Фрейд пен оның ізбасарлары адамды қандай да бір жолмен өмір сүруге және әрекет етуге итермелейтін терең себептерді анықтауға қадам жасайды деп айтты.

Батыстың ортағасырлық философиясында басты межелеу адам денесі мен жанының арасында ғана емес, «тәндік адам» мен «рухани адам» арасында орын тепті. Адам табиғаты үш бөліктен: дене жан – рухтан құралады деп түсінілді. Батыстың ортағасырлық діни философтары адамның руханилығы оның ар-ұжданынан, құдаймен байланысынан құралады деп есептеді. Адамдар әрқашан жақсы пиғылдың, тіпті өздерінің еркіне қарамастан неліктен және қалайша жамандыққа айналатынын; жасампаздыққа бағытталған қызметтің неге қираумен аяқталатынын түсінуге тырысты. Мысалы, адамзатты ойдағыдай өмір сүру үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етуге қабілетті ғылыми-техникалық төңкеріс туындатқан жаһандық проблемалардың нәтижесі әлемді шыңырау шетіне алып келді. Әділеттіліктің тамаша идеяларына негізделген көптеген әлеуметтік төңкерістердің жасампаздық әлеуеті көбінде адамды да, қоғамды да төтенше қиратуға айналды. Міне, сондықтан да нақ қазір адам қызметінің араласуының шектері туралы мәңгілік проблема бұрынғыдан да өткір бола түсті. Жоғары күштерге жүгінбейтін жалпыадамзаттық ынтымақтастық мұраты өзін бірыңғай тұтас деп сезінуінің барысында, жаһандық проблемалар қауіптілігінің артуымен үлкен қолдауға ие бола түсті.

Бала тәрбиесінде құм терапиясының маңызы

Ш. САРТБАЕВА

Құм терапиясы арт терапиясының бір түрі. Арт-технологиялар арт педагогика және арт-терапия ұғымдарымен байланысты.

«Арт-терапия» – термині (art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арт-терапия ауру адамның психоэмоционалды халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер ету. Арт-терапия өнерге негізделген, өзіндік шығармашылық өнерін көрсететін психотерапияның мамандандырылған бөлімі. Арт-терапия – бұл емдеу ғана емес, сонымен қатар креативтілікті дамыту, бейнелік өнер арқылы дамыту мен емдеудің табиғи және қолайлы әдісі. Алғашында, 1938 жылы Адриан Хилл санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданды. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында қолданыла бастады. Бірақ көптеген мамандар мұндай терапияларды өте кең әрі нақты емес деп санайды. «Арт» сөзімен байланысты техникалар, олардың ішінде арт-педагогика да көп жағдайда вербалды емес қарым-қатынастың көрсеткіштері және құралдары болып табылады.

Арт-терапия – адамның шығармашылық потенциалын негізге ала отырып оның психологиялық ерекшеліктеріне әсер ететін терапиялық құрал. Арт-терапияны балалармен жұмыста коррекциялық мақсатта пайдалану XIX ғасырда педагогтардың, дефектологтардың және дәрігерлердің тәжірибесінде бастау алған. Өнерді емдік бағытта қолдану тиімділігі бұл әдістің сезімдерге эксперимент жасауға, оларды зерттеп, символдық деңгейде көрсетуге мүмкіндік беретінімен негізделеді. Символдық өнер ежелгі адамдардың тасқа салынған суреттерінен бастау алады. Ежелгі адамдар символдарды өз орындарын анықтау және адамзаттың өмір сүруінің мәнін іздеу үшін қолданған. Өнер сол қоғамның әлеуметтік жағдайы мен мәдениетін бейнелейді. Қазіргі арт-терапияның үлгісі өнердің көне түрі – халық шығармашылығында сақталған.

Құм терапиясы - адамға өзінің жан дүниесіндегі өз «Менін», өзін танытуға, өзіне өте маңызды, жан тебірентерлік құпиясының ашылуына көмектеседі. Құм терапиясы өзіндік ішкі мәселелерін қалыптастыруға және бала кезінде ойында қалған қарама-қайшы пікірлерін рөлдік ойын арқылы қимыл-әрекетпен көрсете алады.

Құм терапиясы – сыртқы әлемнің әрбір заты ессіз күйдің тереңінде қандай да бір символды білдіретіні туралы айтылған Юнг теориясына құрылған арт-терапияның бір түрі. Құмдағы сурет ішкі сезім күйінің қан-

дай да бір қырының үш өлшемді бейнесі ретінде түсінікті болуы мүмкін. Санадан өтпеген проблема құм салғышта көрсетіледі, шиеленіс ішкі әлемнен сыртқы әлемге ауысады және көзге көрінетін болады. К.Г Юнг «Саусақ бұлшық еттері жақсы дамыған баланың тілі, психологиялық функциясы, шығармашылық қабілеті өте жақсы дамиды»- дейді. Олай болса, көбіне балалар құммен ойнағанды жақсы көреді. Құммен әртүрлі бейнелер салып, тұрмыстық заттар жасап, бір-бірімен әңгімелесіп, бірін-бірі қолдап, біріге отырып жұмыс жасайды. Құм терапиясы тәжірибе жүзінде 1920 жылдың соңында пайдаланыла бастады. Алғашқыда, бұл жұмысты белгілі психотерапевттер Анна Фрейд, Эрик Эриксон тәжірибеде қолданды. К. Юнг белсенді елестету техникасы құм терапиясының теориялық негізін құрайтынын анықтады.

Қазіргі таңда балалар көбіне құммен ойнамайды. Балаларды өзіңе жақын тартып құм терапиясын пайдалану баланың танымдық қабілетін дамытуға ықпал етері анық. Құм - миллион жыл бұрын пайда болған. Ол бүкіл әлем бойы жайылған. Құм – өте ұсақ ақ түсті, сары, қоңыр, сұр және қызғылт түсті болады. Құм бала үшін магнит сияқты өзіне тартымды зат. Бала құмды не екенін сезінгенше қолдан сарай, қоршау, т.б. жасай бастайды. Ал оған ойыншықтар, кішігірім фигураларды қосса, онда баламен түрлі ертегілерді драмалау, ойын процесіне кіреді. Құмдағы ойындар – баланың табиғи әрекетінің бір түрі. Құм терапиясымен екі бағытта жұмыс жасалады. Олар сулы және құрғақ. Екі поднос бірі құммен, екіншісі сумен толтырылды. Балаларға оған қоса құмды қалыптар және әр түрлі кіп-кішкентай фигуралар берілді. Балалар құм мен суды араластыра отырып, оны қалыптарға сала отырып, түрлі мүсіндер жасап шығарады. Бұндай әдісті М. Ловенфельд өзінің әдістемесінде «әлемді құру техникасы» деп атады, мұндай ойға барлық материалдарды көрген баланың: «Ойын ойнауға болатын бұл бүкіл әлем ғой», - деп айқайлап жібергені итермеледі. Баланың салған «әлемнің» сахнасы оны жасаушы мен терапевтке баланың психологиялық жағдайын түсінуге мүмкіндік береді. *Құм терапиясы* – балалар өз эмоцияларын түсініп, оларды қадағалауға қабілетті бола бермейді, бұл дегеніміз мінез-құлық ырықсыздығына әкеледі. Оның үстіне балаларда жоғары психикалық қызметтер, эмоциялық-тұлғалық өрісі: эмоциялық күйлер дифференциациясы, өзін-өзі басқару, реттеу, ым-ишара тәсілдері (бет бұлшықеттері қимылдарының мәнерлігі) және пантомимикалық тәсілдер (барлық дененің мәнерлі қимылдары, артикуляция, ұсақ моторика) жеткілікті дамымаған, мұның барлығы балалардың коммуникативті мүмкіндіктерін төмендетеді. Баланы құммен сурет салуға үйрету арқылы балада белгілі бір эмоциялар тудырып, сөзбен жеткізе алмайтын мәселелерді жеңуге, шығармашылық энергияның шығуына көмектесу. Бала үшін маңыздысы нәтиже емес, сурет салу үрдісі. Сондықтан, құм терапиясы балалармен жұмыс жасауда аса тиімді.

Құм терапияның техникаларын, жаттығуларын мен ойындарын олардың мақсаты мен бағытына қарай төмендегідей қабілеттер қалыптасады:

- (есте сақтау, ойлау, назарын аудару, ұсақ моториканы дамыту мақсатында қолданылатын техникалар мен жаттығулар);

- сезімдер мен эмоцияны, олардың шығуы мен көрсету техникасы. Мұнда өзін-өзі басқару мен көрсету, ішкі ресурстардың ашылу техникасы да кіреді;

- (өзіңді қабылдау) мұнда өзіндік Менін зерттеу және ішкі әлемін тануға көмектесетін техникалар жатады;

- жұптық жұмыстарға арналған техникалар;

- мәселені шешуде қатысушылардың бірігіп жұмыс жасау техникалары дамиды. *Құм терапиясы* – адамның ішкі мәселелерін жөндеуге және бала кезінде негізгі қарама-қайшы тәртіп түрлері оған қауіпсіз түрдегі рөлдік қимыл-әрекеттің түрі, ішкі әлемін сыртқа бейнелеуге әсер етеді. Құм терапиясы баланың болашақта толыққанды қалыптасқан тұлға ретінде қоғамда өзін көрсетіп, сол қоғамды жаңа деңгейге көтере алуына ықпал етеді.

Құм терапиясының *маңыздылығы*: бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастырады және танымдық, психикалық процестерді дамытады ол түйсік (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, қиялды, кеңістік түсінікті, сипау-сезімділігі пен қолдардың ұсақ моторикасын дамытады. Сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлауы мен қобалжу сезімдерін сыртқа шығаруға көмектеседі. Іште туындаған қиын жағдайларды, шығармашылық арқылы сыртқа шығарып өз іс-әрекетіне өзі риза болып, қуанышты сезімдерімен бөліседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Копытин А.И., Свистовская Е.Е. Арт-терапия детей и подростков. – М.: «Когито-Центр», 2007. - 197 с.

2. Мадалиева З.Б., Көмекбаева Л.К, Сүлеймен М.М. Жалпыға арналған арт-терапия. Алматы-2016

3. Қасен Г.А. Арт-терапиялық практикум: оқу-әдістемелік құралы/ Г.А. Қасен, Ұ.Б. Төлешова, А. Б. Мукашева. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 88б.

Проблемы социальной адаптации воспитанников в домах юношества и способы их разрешения

**Л. АБУЛОВА,
А. КУТУБАЕВА**

Воспитанники домов юношества рассматриваются не только как объект социальной защиты населения, но и как категория в обществе, которая представляет собой проблемную группу.

Причины проблем с социализацией:

практический опыт социальных отношений у воспитанников ограничивается лишь государственными учреждениями, в которых они находились: дома малютки, центры социальной адаптации, закрытые школы – интернаты, детские дома.

Ограниченное, преимущественно групповое общение детей со взрослыми в детских домах, не предоставляет ребенку самостоятельности:

- твердый режим дня;
- постоянные указания взрослого, что следует делать в тот или иной момент времени,
- контроль со стороны воспитателей – все это лишает детей необходимости самостоятельно планировать и контролировать свое поведение, формирует привычку к пошаговому выполнению чужих указаний» [1].

Коллективные методы воспитания с недостаточным делегированием персональной ответственности и другие особенности воспитания в сиротском учреждении приводят к искажению, нарушению взаимодействия ребенка с социальной средой.

У детей-сирот либо отсутствуют возможности усвоения социального опыта родителей и прародителей путем подражания образцам их поведения и способам преодоления жизненных трудностей, либо этот опыт носит негативный асоциальный характер.

Жесткая регламентация и ограниченность социальных контактов, свойственные режиму проживания в детском доме, делают невозможным усвоение ребенком всей гаммы социально-ролевых отношений.

В условиях детского дома у ребенка формируется особая ролевая позиция - позиция сироты, не имеющего поддержки и одобрения в обществе.

Ранний детский опыт ребенка-сироты формирует один из серьезнейших феноменов сиротства – утрату базового доверия к миру, который

проявляется в агрессивности, подозрительности, неспособности к автономной жизни.

Затруднен процесс саморегуляции, соотносимый с постепенной заменой внешнего контроля поведения на внутренний самоконтроль.

Это связано со спецификой организации жизни ребенка в детском доме,

где функция контроля полностью удерживается воспитателями [2].

Перечень данных проблем выдает социально-психологический портрет выпускника, для которого характерны инфантильность, комплексы неполноценности, трудности в самовыражении, низкая самооценка, стереотип воспитанника детского дома.

Многим из них чужды понятия «самосовершенствование», «самореализация», «развитие себя как личности».

Считают себя слабыми и ущербными, не рассчитывают на успехи в каких-либо делах. Стараются избегать любых трудностей. Склонны к депрессии, живут с ощущением своей ненужности близким людям, страдают от отсутствия любви и заботы близких людей.

Долгие годы пребывания на полном государственном обеспечении создают у воспитанников иллюзию того, что «им все должны», при этом тот факт, что у них тоже есть определенные обязанности, принимают с трудом.

Не готовы к самостоятельной жизни, не в состоянии решать многие проблемы, с которыми им ежедневно приходится сталкиваться в реальной жизни, без поддержки взрослых, не имеют навыка использования денежных средств, неспособны принимать самостоятельные ответственные решения, в результате чего часто попадают под дурное влияние, частично не умеют добиваться поставленных целей, даже незначительные трудности сбивают их с полку и вгоняют в тревожно-депрессивное состояние.

Опыт педагогов, работающих в этих учреждениях, показывает, что при выходе из стен учреждения бывшие воспитанники часто оказываются плохо приспособленными к самостоятельной жизни» [3].

Оказавшись на «свободе», многие из них становятся лёгкой добычей криминального мира, пациентами нарко- и психо-диспансеров.

Перечисленные причины и определяют высокую степень актуальности данной проблемы и определяют круг задач педагогического коллектива.

Организация воспитательной деятельности в доме юношества обеспечивает успешное вхождение выпускников в систему общественных отношений, способствует приспособлению воспитанников к иной социальной среде на основе гражданско-патриотического, поликультурного, семейного, духовно-нравственного, профессионально-трудового направлений.

Формирование здорового образа жизни, социально-значимых и индивидуальных качеств личности, также способствуют решению следующих задач:

- развитие и закрепление навыков персональной ответственности за самостоятельную организацию учебного процесса; навыки самообслуживания в условиях проживания в доме юношества;
- отчуждение от негативных асоциальных моделей поведения, стремление к позитивному, созидательному общению;
- приумножение социальных контактов для усвоения воспитанником всей гаммы социально-ролевых отношений;
- замена позиции сироты, на позицию полноценного гражданина общества, готового нести правовую ответственность за свои поступки;
- возрождение базового доверия к миру, формирование способностей к автономной жизни;
- постепенная замена внешнего контроля поведения (функция, которая в интернатах полностью удерживается воспитателем) на внутренний самоконтроль;
- формирование навыка правильного отказа от сомнительных предложений;
- стараться продолжать развивать имеющиеся способности и таланты, с целью их применения в дальнейшей жизни [4].

Таким образом, период проживания в центре социальной адаптации, есть отрезок времени, в котором воспитанники должны приобретать практический опыт самостоятельной жизни:

- овладевать многообразными формами социально-приемлемого поведения;
- осознавать себя как граждан страны, закреплять такие качества характера как патриотизм, гражданственность, толерантность;
- знать свои права и обязанности, владеть основами финансовой грамотности;
- развивать личностные качества характера, ориентироваться на саморазвитие, стремиться к здоровому образу жизни, закреплению нравственных качеств характера [5].

Жизнеустойчивая личность характеризуется умением сделать правильный выбор в резко меняющемся социуме, ориентируется на главные ценности человеческого существования, которые помогают жить в гармонии с миром природы и общества. Именно таким должно быть новое поколение казахстанцев для успешной интеграции в мировое сообщество.

Литература:

1. Разумова А. С. Адаптация к обществу выпускников детских домов / А. С. Разумова. – Иркутск, 2012;

2. Ефремова М. Ю. Проблемы социализации выпускников детских домов //Иновационные направления деятельности образовательных учреждений для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей;

3. Сологубова Т. К., Проблема социальной адаптации воспитанников детских домов //Актуальные проблемы истории, теории и технологии социальной работы: Сб. научн. ст. Вып. 4. - Новочеркасск; Ростов н/Д., 2003. – С.62-63.

4. «Потребности ребенка. В центре внимания – адаптация к жизни в обществе». Материалы международной практической конференции 24-25 октября 2009 года / Под ред. Апанасевича В. С. – Апатиты, 2009. – 116 с.

5. Проблемы адаптации к социальной среде выпускников детских домов / Молдир Жаксылыкова. - Текст: непосредственный // Педагогика: традиции и инновации: материалы VII Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, январь 2016 г.).

Әлеуметтік педагогтың оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу жұмысы

**Г. АХМЕТ,
А. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА**

Қазіргі уақытта, жасөспірімдік жасқа тән түрлі сұрақтар, қоғам және адам дамуын зерттейтін көптеген ғылымдардың назарында, осыған байланысты буллинг, яғни жасөспірімдік зорлық-зомбылық, күткендей, классикалық көзқарас аясында емес, ал ұзақ уақытқа созылатын «жәбірленушіні» құдалау мәселесі ретінде қарастырылуда. Дегенмен, жасөспірімдік жас табиғаты бойынша өте қиын болғанымен, жасөспірімдердің жанжалға қатысуы қалыпты жағдай. Буллинг мәселесі екі жақтың арасындағы ситуациялық түсініспеушілікпен емес, ал саналы түрде жасөспірімдермен, ұзақ мерзімге таңдалған «жәбірленушінің» статусын өзгертуге жол бермеу ниетімен ерекшеленеді. Осы статустың ең жақын аналогы изгой болуы мүмкін еді, бірақ буллинг құбылысы – бұл басқа проблема – ол «жәбірленушіні» қорлаушыда жазасыздық сезімін бекітеді, басқа адамға қатысты моральдық шекараны алып тастайды, жалпы айтқанда әлеуметтік-қауіпті сипатқа ие, себебі мұндай мінез-құлық тек қоғамның нормаларымен, жасөспірімдік топтың нормасы мен құндылық-

тарымен ғана реттелмейді, сондай-ақ «жәбірленуші» мен басқалардың тарапынан азғындық жайлы кері байланысты бұғаттауы да проблема. Басқаша айтқанда, буллинг феномені өзінің табиғаты бойынша айналадағы адамдар мен «жәбірленушіге» әсері, кезінде нацистермен сыналған «адамгершіліктен айырылу» феноменіне өте жақын.

Жасөспірімдік жас – бұл әлеуметтік стереотиптерді қайта қарау, тұлғалық өсу және даму кезеңі болғандықтан, қарапайым жасөспірімдердің қақтығыстарың, ұзақ мерзімге созылған буллингтің деструктивті түрге өтуіне, сондай-ақ жасөспірімдер арасында «жәбірленушінің» пайда болуына жол бермеу керек, себебі психикасы әлсіз жеткеншектерде осындай өзара әрекеттесудің түрі бекітіліп, кейін басқа жас кезеңіне де өтуі мүмкін. Сонымен айта кеткендей, мұндай ауыр іс-әрекеттердің нәтижесінде «жәбірленуші» көптеген психологиялық немесе физикалық тұрғыда зардап шегуі әбден мүмкін.

Бұл құбылысты зерттеуде теориялық және практикалық сипаттағы бір-қатар қиындықтар бар. Мысалы, теориялық тұрғыдан алғанда, бұл құбылысты түсіндіретін, әсіресе, жасөспірімдерге байланысты өзірлемелер әлі де жеткіліксіз, өйткені бұл проблема тек жас ерекшелігі ғана емес – әлеуметтік сипатқа да ие, сондықтан қоғамның өзі үшін де, жас ұрпақтың арасында да, бұл мінез-құлықтың өте жағымсыз үлгісі болып табылады. Агрессияның классикалық теориялар тұрғысынан, қақтығыстар, жас психологиясы және педагогикасы және т.б., буллинг құбылысын түсіндіру қиындығы, тіпті ұғымдар деңгейінде де нақты түсінік жоқ – агрессия бар, жанжал бар, жәбірленуші мен жәбірлеуші бар және т.б., әр теориялық тәсілдің мәселеге өзіндік көзқарасы бар, бірақ ол әдетте тек бір тәсіл шеңберімен шектеледі. Бұдан бөлек, буллинг құбылысын түсіндіруде әрдайым жас ерекшелігі ескерілмейді, өйткені буллинг жасөспірімде міндетті түрде тұрақты құбылыс емес – бұл құбылыс көбінесе ересектердің әсерінен жабық топтарда (сынып, құрдастар) пайда болады және оны әрдайым сырттан анық көріне бермейді. Сондықтан буллингтің ерекшеліктерін аспектілерінде дәл құбылыс ретінде анықтау қиын. Бұл қазірдің өзінде практикалық проблема – буллингды қарапайым жасөспірімдер қақтығыстарынан анықтау және ажырату қиын, олар көріністе жарқын, бірақ табиғаты бойынша алыс болуы мүмкін. Сондықтан диагностикалық сипаттағы қиындық бар. Сондай-ақ, бұл құбылыстың профилактикалық проблемасы бар, өйткені бұл жерде сөз тек жасөспірімдердің бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, араласу қабілеті жайлы ғана емес, бірақ әңгіме қарым-қатынастың моральдық және құндылық негізі туралы, дәлірек айтқанда бұл сала мұғалімдердің жасөспірімдерге әсері өте жабық, өйткені жасөспірімдерде моральдық билік өз ықпалын жоғалтады және мүлдем басқа адамдар құндылыққа ие болады.

Мектептегі зорлық-зомбылық проблемалары алғаш рет XX ғасырдың басында – 1905 жылы К. Дьюкс өзінің зерттеуін жариялаған кезде пайда болды, бірақ шынымен жүйелік зерттеуді скандинавиялық зерттеушілер

жүргізді, олар: Д. Олвеус, П. Хайнеманн, А. Пикас, Е. Роланд.

Олар буллинг тұжырымдамасын жасады – (bullying, ағылшынша bully – бұзақылық) және олар бұл ұғымды қысым көрсету, кемсіту, қудалау ретінде талдады.

Бұл проблемалардың кейінгі зерттеулерінде әр түрлі зерттеушілер осы құбылыс жайлы өз ойларын ортаға салып, талқылады, бірақ олардың барлығы адамға немесе адамдар тобына физикалық, психикалық зорлық-зомбылықпен бірге жүретін әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық проблемалардың үлкен тобының болуын, адамның агрессорға қарсы өзін қорғай алмайтындығын көрсетті.

Мәселенің осы көзқарасына сүйене отырып, буллинг классикалық түсініктегі мінез-құлық емес, агрессивті мінез-құлықтың көптеген нақты түрлері мен қосымша түрлерін қамтитын деструктивті өзара әрекеттесудің ерекше түрі екенін атап өтуге болады.

Біздің зерттеуімізде С. Кривцованың айтуы бойынша буллинг анықтамасы жасалды: буллинг – бұл кейбір балалардың басқаларға қарсы агрессиясы, агрессор мен жәбірленуші күштерінің теңсіздігі болған кезде, агрессия қайталануға бейім. «Күш теңсіздігі, қайталану – буллинктің екі маңызды белгісі».

Буллинктің ерекшелігі, ол жәбірлеушімен мен жәбірленушінің позицияларының теңсіздігінде, егер жәбірлеуші физикалық немесе психологиялық сипаттағы артықшылықтарға ие болса, ал жәбірленушінің басқа адамдарды тарта отырып, өзін қорғауға және басқаларды тартуға мүмкіндігі жоқ. Сонымен қатар, буллинг сипатталады: жәбірленушіге қасақана зиян мен қайғы тигізу; жәбірленушіні өзіне деген сенімділіктен айыруға бағытталған, қарсы тұру қабілеті, адамның қадір-қасиетін буллингке және жоюға бағытталған және психикалық немесе физикалық әл-ауқат пен денсаулықты бұзу. Сонымен қатар, буллинг әрдайым топта пайда болады, айналасындағы адамдарға тартып, әсерін тигізеді (бұл буллинг қақтығысқа ұқсас), буллинг ешқашан өздігінен тоқтай алмайды – не тек үшінші тараптың араласуынан кейін, не жәбірленушіні немесе қылмыскерді бір-бірінен алыстатқан жағдайдан кейін.

Сондай-ақ, буллинг төмендегідей сипаттамаларға ие:

1. Қайталану және/немесе кезеңділік;
2. Пиғыл;
3. Зиян тигізу;
4. Күш немесе әсерді теріс пайдалану.

В.П. Петросянцтың зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жәбірленуші болған мінез-құлық қыздарда да көбірек көрінеді. Бұл факт әйелдікке тән белгілермен, гендерлік сәйкестікті қалыптастыру үдерісімен және өзін-өзі тану ерекшелігімен байланысты. Қыздар өзін-өзі сынайды және «Мен»-нің әр түрлі аспектілерін талдауға бейім, ал ұлдарда «Мен» құрылымы жеңілдетілген.

Ұлдар топтың әлсіз мүшесіне қарсы агрессивті мінез-құлыққа итермелейтін әр түрлі себептермен буллі бола алады. Осындай себептердің бірі – тану ниетімен бір уақытта пайда болатын және басқаларды басу арқылы мақсатқа жету қажеттілігін дамытуға әкелуі мүмкін кемшіліктің кешені.

Буллі – ұлдар физикалық агрессияға бейім, физикалық зорлық-зомбылыққа бейім, ал ренішті лақап ат пен мазақ тек қудалаумен бірге жүреді. Зерттеушілердің ұлдардың жеке ерекшеліктері туралы пікірлері әр түрлі. Кейбіреулер буллі ұлдарына қорқыныш, дабыл пен уайымның болуы, стандарттылық, тыйым салу, шешім қабылдаудағы пікірлер мен көзқарастардың сәйкестігі, оқшаулау, олардың ішкі әлемінің жақындығы, жасырындық тенденциясы, өзіне қанағаттанбау, өз кінәсіздігіне күмәндану, айтылған және істелген ісіне өкіну, өзін-өзі растау тенденциясы тән деп санайды.

Басқалары буллі ұлдарын импульсивті, отбасылық тәрбиенің әр түрлі стилімен сипаттайды. Ата-аналардан агрессивті мінез-құлықты үйрену ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды, әсіресе егер отбасында физикалық жаза мен зорлық-зомбылық қолданылса, отбасы мүшелері эмоционалды түрде бөлінеді.

Қыздардың буллі мінез-құлқымен айналысуының себептері: гормоналды сәтсіздік; авторитарлық әке немесе ананың болмауы; феминистік құндылықтар мен көзқарастарға деген адалдық, олар үшін дайындалған гендерлік рөлге қарсы «бүлік»; құрдастар тобында көшбасшы болуға деген ұмтылыс; зорлық-зомбылықтан кейінгі қорғаныс реакциясы; жеңіске жетудің ерлерге тән тәсілдерімен ерлердің спорт түрлерімен айналысу (мысалы, күрес) .

Буллі қыздары үшін эгоцентризм, мазасыздық, демонстрация, назар аударуға деген ұмтылыс, нәрестелік және эмоционалды жетілмегендік сияқты жеке қасиеттер тән. Әдетте олар басқалармен тұрақсыз қарым-қатынаста болады, теріс эмоциялардың тез пайда болуы, айыптауға бейімділік, ашулануға агрессивті реакциялар, тұрақсыз өзін-өзі бағалау.

Қыздар мазақ етуге, «жәбірленушіге» қарсы интригаларға, жапсырмаларға және лақап аттарға, өсек пен қауесетке көбірек бейім. Сондай-ақ, буллингтың физикалық көріністері болуы мүмкін, әсіресе еркектік ерекшеліктері бар қыздарда.

Ер балаларда жасы ұлғайған сайын агрессиялық мінез-құлықтың төмендеуі, ал қыздарда –агрессияға (агрессиялық мінез-құлыққа) бейімділіктің артуы байқалады.

Жалпы, жасөспірімдердің ортақ агрессиясы дұшпандық, ауызша буллинг, менмендік, бүлікшілдік және негативизм, жалған, вандализм арқылы көрінеді. Мұндай жасөспірімдер бұзақылық түрінде қоғамға қарсы мінез-құлықты жасырмайды, ал кейбір ерекше сәттерде мінез-құлықтың бұзылуы, ұрлық және құрдастарына деген физикалық зорлық-зомбылық пайда болады.

Агрессивті жасөспірімдер өзін-өзі төмен бағалаумен сипатталады, басқа адамдарды қорғау қажет болған жағдайларды болдырмайды, тіпті пайдалы болса да, олар өзін-өзі бағдарлап, адамдарды өз пайдасына басқаруға дайын. Сонымен қатар, олар бұзылуға бейім, тәуелділікке гипертрофиялық қажеттілік бар, тәртіпке бағынбайды, сонымен қатар жыныстық ингибицияны дамытпайды.

Әлеуметтік желілердің бала психологиясына әсері жайында

А. ТАГИБЕРГЕНОВА

Күн санап өміріміз экранға тәуелді болып барады. Ақпарат, ғылым, үкімет, нарық та ғаламторға тікелей байланысты. Бұл адамдар арасындағы қарым-қатынастың жеңіл түріне айналып бара жатқандай. Қазірдің өзінде әлем халқының 57 пайызы бетпе-бет тілдесуден гөрі, Интернет арқылы, дәлірек айтқанда, әлеуметтік желілерде «әңгімелеседі».

Әлеуметтік желі – адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін ғаламтор ресурсы. Бұл, әсіресе, жастар арасындағы күрделі мәселе болып тұр. Ұзақ уақыт желіде отыратын бала адамдармен шынайы араласа алмайды, тұйықталып, ғаламторға тәуелді болады. Әлеуметтік желілер – уақыт ұрлаушылар. Адамның желіге тәуелділігі сондай, бас алмастан отырып минуттардың, оның артынан сағаттардың қалай жылжып өткенін де байқамай қалады.

Әлеуметтік желіні кімдер, қалай пайдаланамын десе де, өз еркі. Оған ешкім шектеу қоя алмайды. Әйтсе де, «Таяқтың екі ұшы бар» демекші, оның пайдасы да, зияны да бар. Бүгінде мектеп жасындағы көптеген жеткіншектер бос уақытының көп бөлігін әлеуметтік желілерде өткізеді. «Одноклассники», «Мой мир», «ВКонтакте», «Ватсап», «Твиттер», «Фейсбук», «Инстаграм» және өзге де көптеген желілер мен белгісіз сайттарға кіру мектеп оқушылары мен ересектердің ермегіне айналған. Әрине, егер аталған желілерден балалар өздеріне қажетті, маңызды ақпаратты алып жатса, онысы дұрыс, бірақ бұл тәуелділік кей жағдайда кері әсерін тигізіп жатады. Халықаралық денсаулық сақтау ұйымының дәлелдеуінше, бүкіләлемдік ғаламтор желісі жеткіншектерге физикалық, психологиялық жағынан айрықша зиянды. Ең алдымен, баланың көру қабілеті төмендейді, себебі, бұлшық еттері қатаймаған жасөспірімнің көздері тез шаршайды. Әлеуметтік желілерде үнемі отыру ми қызметіне де кері әсер етеді, гормоналдық тепе-теңдікті бұзады, иммунитетті нашарлатады, мұның бәрі адамның жүйкесі мен ой-санасына белгілі бір мөлшерде ауыртпалық түсіреді.

Ғаламтор жеткіншектер үшін реферат, музыка мен фильмдер, суреттер, ойындар, көшіріп, бір-бірімен хат жазысу үшін қажет. Олар өздерін мазалаған сұраққа да ғаламтордан жауап іздейді. Алайда, ғаламтордың қауіпті жағы да аз емес. Ғалымдардың айтуынша, бүкіләлемдік шырмауық торда экстремистік және террористік сипаты бар қырықтан астам сайт жұмыс істейді екен. Ал, олар балаларымыздың ой-санасы мен дүниетанымын теріс жолға бағыттап, олардың қылмысқа азғыратыны мәлім. Қазіргі кезде осындай террористік сипаттағы сайттар арқылы жасөспірімдер түгіл, ересек адамдардың өзін өз қармауларына түсіріп, отбасына, Отанына аластатып, азғырып жатқанын күнделікті өмірде көріп, естіп жатамыз.

Ал, ғаламтордың пайдалануын зерттеген әлем ғалымдарының пайымдауынша, жеткіншектердің 14,5 пайызы беймәлім адамдармен кездесуге келіскен, 19 пайызы порносайттарға енген, 38 пайызы зорлық-зомбылық туралы ақпараттарға қызығушылық танытқан, ал 16 пайызы суицидтік әрекетке шақыратын сайттарға кіреді. Сонымен бірге, көптеген жеткіншектердің өз-өзіне қол жұмсауының да бір сыры осында жатқан тәрізді. «ВКонтакте» сайтына кіру арқылы балалар моральдық зорлық көріп, бойын қорқыныш пен үрейге билетеді. Онымен қоса, сайтта порнографиялық бейнежазбалар да көп. Әр түрлі құмар ойындары, зиянды бағдарламалар, алаяқтар мен хакерлер жастарды ғаламторға тәуелді етіп, бұлыңғыр байланыс жасауға шақырып, виртуалды әлемге қызықтырып, ақыл-ойы әлі қалыптаспаған ұл-қыздарымызды еліктіріп, есінен айырады. Әрине, қазіргідей техникалық-ғылыми прогресс дамыған заманда ғаламторды дұрыс пайдалана білген адамға пайдасы зор. Оның талас туғызбайтыны ақиқат. Тек оған біздің көптеген жастарымыздың таным-түсінігі жетпей жатады.

Жастарды ғаламтордың зиянынан сақтандыру үшін кез келген ата-ана баласына оны пайдаланудың шарттарын айтып түсіндіруге, ондағы ақпараттардың үнемі шындыққа жанаспайтынын, оған сын көзімен қарау қажеттігін, ол ақпараттарды салыстырып, қабылдау керектігін ескеріп отыруы тиіс. Сондай-ақ, ғаламтордағы зорлық-зомбылыққа, діншілдік, нәсілшілдік туралы ақпараттарды сақтандыру ата-аналар мен мұғалімдердің де негізгі міндеттерінің бірі. Осы орайда есте болатын бір жағдай, он жасқа дейінгі балалар ата-анасы рұқсат берген сайттарға ғана енуге тиіс. Кәмелет жасы толмаған балалардың электронды пошталарына, пайдаланатын әлеуметтік желісіне енуге ата-анасының мүмкіндігі болуы тиіс. Бұл баланың қауіпсіздігі мен бақытты болашағы үшін қажет.

12-15 жастағы жасөспірімдердің өтпелі кезеңде «Мені» туындап, тәуелсіз болуға, ата-анасының шамадан тыс қамқорлығынан арылуға тырысып, оқшаулануға ұмтылатын кезеңінде балаға ақылшы, сырлас дос ретінде ата-анасының көбірек көңіл бөлуі қажет. Мамандардың ақыл-кеңесі бойынша, ғаламтор балаларымызға қауіпсіз болсын десек,

оны үнемі жаңа бағдарламалармен жабдықтап, спамфилтр орнатуымыз және де қауіпсіздік туралы ақпараттарды білуі қажет. Әрбір ата-ана өз баласының бос уақытын кіммен, қандай жағдайда және қандай әлеуметтік желіні қолданып өткізетінін үнемі бақылап отыруы тиіс. Далада, көлікте, сабақта тіпті демалу, тынығу уақытында да ұялы телефондарын құшақтап жататын тәуелділік жасөспірімдердің 95 пайызында кездеседі. Бұл балалардың көзбе-көз қарым-қатынас жасауларының, достық сезімдерінің, сонымен бірге бойларындағы жанашырлық, қамқорлық жасау сынды игі қасиеттерінің төмендеуіне де ықпал етеді. Сондықтан, бала тәрбиелеп отырған әрбір ата-ана балаларының ғаламторды өз орнымен, өз уақытымен, белгілі бір шектеумен қолдануын қадағалағаны жөн. Қалай болғанда да, әлеуметтік желінің пайдасы да, зияны да бар. Сол үшін тек пайдалысын алып, зиянынан алыстап отырғанымыз абзал.

Педагог-психологтың диагностикалау қызметі

Н. РАХМЕТУЛЛАЕВА

Диагностика қызметтің ерекше түрінің бірі ретінде, мақсатты бағыттылығын және қайта жасалуын анықтау мақсатында объектіні тану мен жіктеуге бағытталған. «*Диагноз*» сөзі грек тілінен аударғанда «*тану*» деген мағынаны (гр. *diagnostikos* – қабілетті тани білу) білдіреді.

«*Диагностика*» термині гректің *dia* – арасында, сонан соң және *gnosis* – білім деген екі ұғымынан құралады. Ғылыми әдебиеттерде термин түрлі мазмұнда аударылады. Жалпы «диагностика» адам, ұжым, құбылыс, процесс туралы жинақталған білім негізінде жүзеге асырылатын іс-әрекет ретінде түсіндірілсе, ал «психодиагностика» жеке адамның психологиялық құрылымын тұтасымен танып білуге және белгілі бір психологиялық ерекшеліктерін анықтауда қолданылады.

Психологиялық диагностика – диагноз қоюға мүмкіндік беретін, кейбір психологиялық феномендердің мәнін анықтау мақсатында, диагностикалық үрдістерді құру мен қолданудың әдістемелік тәсілдер мен құралдарын, принциптерін зерттейтін психология бөлімі. Диагностика қорытындысы диагноз қою болып табылады. Ю.З. Гильбух «диагноз» терминінің кем дегенде екі мағынасы бар деп санайды: «Біріншіден, диагноз қандай да бір нақты сәтсіздікті жою мақсатында, оның мәнін, себептерін анықтауды білдіреді. Екіншіден, нысанның жалпы жай-күйін анықтау мақсатында, оны жан-жақты, тұтас зерттеуді диагноз деп айтуға болады... Әдетте, ол нығайтуды қажет ететін қандай да бір әлсіз тұстарын анықтайды» Мұндай тұжырымды тұтас диагноз және сонымен

қатар, (алдын алу сипатындағы) диагноз ретінде қарастыруға болады».

Л.С. Выготский психологиялық диагнозды түйін деп атады. Диагноз қою барысында адамда жас ерекшелігі ескерілуі қажет. Қазіргі заманғы психологиялық диагноз терминін түсіндірудің қосымша бірнеше түрлері пайда болды:

– Психологиялық диагноз – бұл жеке адамның психологиялық даму ерекшеліктерін, белгілі бір психологиялық қалыптасуын, жас ерекшелігіне сай дағды, іс-әрекеттің сәйкестігін зерттейді. Психологиялық диагноз – тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріне сандық және сапалық түрде баға беру. Бұл іс-әрекеттің объективті және субъективті көрсеткішіне байланысты.

– *Психологиялық диагноз* – практик психологтың теориялық, эксперименттік, практика сызбасы негізінде психологиялық білімді қолдану фазасы.

– *Психологиялық диагноз* – адамның іс-әрекет жағдайындағы жүріс-тұрыс заңдылықтарын зерттеу.

– *Психологиялық диагноз* – нақты бір адамның немесе топ туралы психологиялық ақпараттарды табу.

– *Психологиялық диагноз* – тұлғаның жас және дербес ерекшеліктерін, таным процестерін, оқу және даму деңгейлерін, тұлғаның күштілік жақтарын, жеке-дара қасиеттерін, кәсіби ептілігін және т.б. мәселелерді педагогикалық-психологиялық тұрғыдан бақылау.

Педагог-психолог әрекетінің ақырғы нәтижесі тұлғаның жеке-дара-лық психологиялық күйін бағалау мақсатында айқындалады. Адамның белгілі бір өмір жолындағы психиканың және тұлғаның ашық бейнеленуі. Психологтың аналитика-синтетикалық әрекеті, адамның белгілі өмір ситуациясында тұлғаның психологиялық дамуының толықтай бейнелену күйінің мақсаты. Ол тұлғаның сыртқы әрекеті арқылы орындалады және адамның жеке қасиеті туралы негізгі қорытынды болып табылады.

Психологиялық диагностика – адамдардың психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктерін бағалау, өлшеу, жіктеу, жобалау әдістері арқылы тәжірибеде пайдалану туралы ғылым. Психологиялық диагностика ғылыми және практикалық бағыттардан тұрады. *Психологиялық диагностика* ұғымына көптеген психолог ғалымдар зерттеп анықтамалар ұсынған болатын. Біз оны іріктеп төмендегі кестеге топтастырдық:

Психологиялық диагностика	
М.К. Акимов	Психологиялық диагностика – бағалауға жобалау әдістерін ғылым, шара, жіктеу психологиялық және психо-физиологиялық адамдардың сипаттамасы, сондай-ақ практикалық мақсаттар үшін осы әдістерді қолдану.
Р.С. Немов	Психологиялық диагностика – адамның психикалық қасиеті мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайды және нақты сапалық тұрғыдан талдайды.

С.Т. Посохова	Диагностикадамытумен түзетуден бөлек қарастырылмайтынын көрсетті. Мұнда мәні жағынан диагностикалық, коррекциялық диагностикалық тәрбиелік бағыттар біртұтас жүзеге асуы тиіс.
К.М. Гуревич	Психодиагностика екі жақты мәртебеге ие. Біріншіден, ол практикалық психологияның салыстырмалы дербес бағыты болып табылады, яғни психолог кеңес беруде немесе психотерапияда маманданған өзге психологтардың тапсырысы бойынша күрделі диагностикалық жұмыстарды орындап, сол салада мамандана алады. Екіншіден, психодиагностика психологтың клиентпен жүргізілетін жұмыстарының маңызды кезеңін құрайды. Екі жағдайда да психодиагностика адамдардың психологқа шағымдана келетін өмірлік қиындықтарының себеп - салдарын анықтауға мүмкіндік беретін ұстанымдардың, әдістердің, әдістемелік тәсілдері мен үрдістердің кешенін анықтайды.
К. Ингенкамп	Педагогикалық диагностика» ұғымын 1968 жылы бір ғылыми проект аясында медициналық және психологиялық диагностикамен ұқсата отырып К.Ингенкамп ұсынды. Өзінің тапсырмалары, мақсаттары мен қолдану орталарына қарай педагогикалық диагностика өз алдына бір бөлек. Ол өзінің әдістерін және ойлау амалдарын психологиялық диагностикадан алды десе де болады.
Л.С. Выготский	«Диагностиканы өрістетуге және қиын баланың педагогикалық клиникасы» еңбегінде балалардың ақыл-ойы деңгейін анықтау үшін қолданылған психометриялық сынақтардың ғылыми маңызы жоқ деп тұжырымдады. Мұндай тәсіл арқылы қалыпты мектеп оқушыларының ақыл-ой дәрежесін зерттеуге қорытындылар беріп, ақыл-ойы қалыпты дамыған бала мен ақыл-ой дамуында кемістігі бар баланы бір топқа жатқызып шатастырылуы мүмкін деді.
Г. Роршарх	Роршахтың тұлғаның тікелей танымдық аясы арқылы сыртқы және ішкі құбылыстарды белсенді түрде бейнелеу процесіне, яғни тест барысында даралық бейнесі арқылы диагностикалық жүйесі құрастырылды.

Дубровина И.В, Акимова М.К, Борисова Е.М. Мектептегі диагностикалау өте тиімді әдістердің бірі екенін мақұлдайды. «Диагностика» түсінігінің мәні «білім, ептілік және дағдыларды тексеру» түсінігімен салыстырғанда едәуір тереңдеу әрі кең. «Тексеру» нәтиженің тек көрсеткіштерін ғана аңдатады, не себептен болғаны жөнінде дерек бермейді. Ал диагностикалауда нәтиже өзіне қол жеткізген әдіс-тәсілдермен бірге қарастырылады, дидактикалық процестің бағдар-бағытын, ілгерілі не кері қозғалысы анықталады. Диагностика өз ішіне бақылау мен тексеруді, бағалау мен бағаны, жинақталған статистикалық деректер талдауын, дидактикалық процестің жүрісін, бағытын және жобалануын қамтиды. Диагностикалаудың маңызды бөлігі – бұл қадағалау.

Қадағалау – білім, ептілік және дағдылардың игерілу процесіне бақылау қоюды аңғартады. Қадағалау тексерулерден тікелей құралады.

Тексеру – бұл білім, ептілік және дағдыларды игеру барысын бақылау үшін жүргізілетін әрекет-қимылдар жүйесі. Мән-мағыналық тұрғысынан бақылау, қадағалау кері байланыс түзуді қамтамасыз етеді, яғни оқушылардың оқу әрекеттерінің нәтижесі жөніндегі мәліметтерді алу мүмкіндігін ашады.

Диагностикалық минимумда мектеп педагог-психологы жылдың басында алдын ала жылдық жоспар құрады. Диагностикалық минимумның негізгі мақсаты – оқу процесінің мониторингі, оқушылардың даму деңгейлерін, мектеп ұжымына, сынып жетекшісіне, мұғалімдерге баланың барлық жағдайынан ақпарат беру. Жүргізілген диагностиканың нәтижелерінен педагог-психолог қорытынды жасайды. Берілген схеманың қорытындысы өз алдына мыналарды қарастырады: зерттеудің мақсатын, анамнез туралы ақпарат, зерттеудің әдістері, зерттеудің интерпретациясы, психологиялық диагноз, болжам, ұсыныстар. Қорытындылаудың негізгі 4 құрылымдық блогы:

1-блоқтың қарастыратын: мақсатты, міндеттері, күні, бейнелену, нақты зерттеу жүргізілген (топтық немесе уақыты, тестілеудің ерекшелігі, тест алушының жағдайы) артамалар, анамнезы;

2-блок – зерттеуші әдістің түрі.

3-блок – нәтижелерге интерпретация.

4-блок – диагноз, болжам, психологтың ұсынысы.

5-блок – ұсыныстардың реттелуі, «тәуекел тобындағы» балалармен жұмыс.

Жалпы «диагностика» адам, ұжым, құбылыс, процесс туралы жинақталған білім негізінде жүзеге асырылатын іс-әрекет ретінде түсіндірілсе, ал «психодиагностика» жеке адамның психологиялық құрылымын тұтасымен танып білуге және белгілі бір психологиялық ерекшеліктерін анықтауда қолданылады. Психодиагностикалық әдістер тәжірибелік қызметінің әртүрлі салаларында оның ішінде *білім беру және тәрбиелеу* саласында жиі қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Төлешова Ұ.Б. Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы: оқу құралы Алматы: Қазақ ун-ті, 2012.- 141б.

2 Жұбаназарова Н.С. Тұлғаны диагностикалау. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 102 б.

3 Абдуллаева П.Т. Диагностическая компетентность будущих педагогов-психологов в университетской среде: сущность и содержание // Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2016.- № 3.- (49).

Қашықтықтан оқыту барысында ата-аналарға психологиялық көмек

Ж. НАЙМАНОВА

Елімізде төтенше жағдай орын алып, індеттің дендегенін естіген сәтте барлығымыз кәдімгідей абдырап қалдық. Дегенмен мемлекет тарапынан оңтайлы шешімдер қабылданып та үлгерді. Солардың бірі білім ошақтарының қашықтықтан жұмыс істеуіне мүмкіндік жасалған болатын. Қазіргі таңда еліміздің барлық мектептері қашықтықтан білім беріп келеді. Қашықтықтан білім беру барысында, баланың оны қабылдау ерекшеліктері айқын көрінеді. Мен мектеп-интернат колледж психологы болғандықтан, кез келген ата-ананың рөлі орасан зор екендігін айтудан шаршаған емеспін. Балалардың кейбір тапсырмаларды орындауда ата-ана көмегіне жүгінетіндігі рас.

Қашықтықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы ұйымдастырылып, оң нәтижесін беруде. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу. Мұғалімдердің алдын-ала дайындау және ұйымдастыру шаралары жүргізілмесе, программалық қамтамасыз етілмесе оқушылардың білімі жоғарламайды. Өйткені оқушының білімін, үлгерімін көтеру үшін оқытушының біліктілігін көтеру керек. Қазіргі таңда мұғалімдерге арналған қашықтықтан оқытын көптеген курстар көрсетуде. Қашықтан оқыту бұл мұғалімнің біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді.

«Тұлғаның қалыптасу нәтижелілігі, ең алдымен отбасыға тәуелді» деген халық даналығы бар қазақта. Сондықтан ошақ қасында бала қалай тәрбиеленсе, болашақтағы жолы мен өмірі соған байланысты болмақ.

Ұстаздарға, тәрбиешілерге, ата-аналарға және оқушыларға қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша төмендегідей кеңестер ұсынамын. Ең алдымен күн режимін жасаңыз, дұрыс тамақтанып, жақсы ұйықтауын қадағалаңыз. Сабаққа күн сайын уақытында қосылуын қадағалаңыз және сабақ кестесін көрінетін жерге іліп қойыңыз. Баланың сабақ оқуы үшін жайлы және ыңғайлы орын таңдаңыз. Ұялы телефонын немесе компьютерінің толық қуатталуын, ғаламтормен қамтылуын қадағалап, кешкісін бәрін дайындап қойған жөн.

Қашықтықтан оқыту кезінде ата-аналардың міндеті:

- Баланы міндетті түрде қадағалау;
- Мұғаліммен байланыста болу;
- Бала түсінбей қалған жағдайда, ұстаздан барлығын сұрап алу;

- Оқушының сабақты қаншалықты меңгергендігін ұстазға айту.

Жоғарыда көрсетілген 4 міндеттемені орындаса, мұғалімге де оңайға түседі. Ұрпақ білімді болса, болашағымыз бұлыңғыр болмайды. Бала тәрбиелеу – елдің болашағын тәрбиелеу болып табылады.

Әрбір оқушы дағдылы күн тәртібін сақтауы керек: ұйықтау және сергу уақыты, жаттығу жұмыстарына бөлінетін уақыт, сабақтың басталу уақыты, үзілістер, т.б. Күн тәртібіндегі шұғыл өзгерістер артық күйзеліске әкелуі мүмкін.

Жұмыс орнын дайындаудың да маңызы зор. Ең қажетті нәрселері қол жетімді жерде болуы керек. Сондай-ақ балада сыртқы жағдайларға алаңдамай жұмыс істеу мүмкіндігі болу керек. Баламен бірге алдағы күнді алдын-ала жоспарлаңыз. Баланың көз алдында сағаттың болғаны дұрыс. Кеште жоспары мен оның орындалуын тексеріңіз.

Әр кеште баланың табысы мен сәтсіздіктері туралы онымен бірге талқылаңыз. Ертеңгі күнге жоспар құрыңыз. Даулы жағдайларда шешімді бірге іздеңіз. Қолдауыңыз бен жылы сөзіңізді, құшағыңызды аямаңыз.

Егер балада қиындықтар туып, қорқыныш пайда болса, өз бетіңізбен шешімін таба алмай жатсаңыз, Сіз әрқашанда сынып жетекшісі, тәрбиеші мен мектеп психологының көмегіне жүгіне аласыз.

Есте сақтаңыз!

Мектеппен бірге ата-аналар да балалардың оқу бағдарламаларын меңгеруіне жауапты. Дағдылы мектептегі оқу кезінде ата-аналар баланың сабақта болуына қалай жауап берсе, қашықтан оқу кезінде де олардың қашықтан оқыту сабақтарында болып, тапсырмаларды қашықтан орындауын солай қадағалауы керек.

Бала білім беру бағдарламаларын меңгеру аясында, соның ішінде қашықтықтан оқу кезінде де, мұғалімнің талаптарын орындауға міндетті. Ата-аналарға оқу үдерісін бақылауды өз қолдарына алуға тура келеді. Сондықтан әр балаға мән беріп, барлығын оқытып отырған ата-аналарына алғысымызды айтудамыз.

Студенттердің кәсіби қызметке психологиялық дайындығы

И. МОЛДАХАНОВ

Болашақ мамандардың жеке басы мен іс-әрекетінің кәсібилігін сәтті қалыптастыру олардың қызметке дайындығына негізделген. Білім беру парадигмаларының өзгеруі, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар кәсіби қызмет айтарлықтай күрделене түседі, адамның ішкі, психология-

лық ресурстарын белсендіреді. Тұрақтылық, кәсіби қызметтің сапасы маманның оған психологиялық дайындығының ерекшеліктерімен анықталады. Кәсіби тұлғаны қалыптастыру процесі мамандық таңдау сәтінен басталады және адамның бүкіл кәсіби өміріне созылады. Оның барысында адам мен мамандық арасындағы қарым-қатынастың маңызды мәселелері анықталды. Әрине, мамандық адамға әсер етеді, ол кәсіби даму барысында өзгертеді. Бұл процесте оқу орнында оқыту кезеңі үлкен мәнге ие, өйткені кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларында кәсіби тәжірибеге көп уақыт бөлінеді, оны бастапқы кәсіби және жеке бейімделу ретінде қарастырған жөн. Оқу орнын бітіргені туралы диплом алумен кәсіптік білім аяқталмайды. Ол кәсіби қызметте өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту түрінде жалғасады. Біздің қоғам өмірінің қазіргі кезеңі кәсіптік білім беру міндеттерін мүлдем жаңа түсіну болып табылады. Қоғамның әлеуметтік тапсырысымен ынталандырылатын оқыту жүйесін жетілдіру студенттің дайындық деңгейіне, демек оның кәсіби қызметіне қойылатын талаптарды қиындатады. Бүгінгі таңда студенттің білім көлемін игеруін қамтамасыз ету жеткіліксіз, оның кәсіби қызметке психологиялық дайындығын қалыптастыру міндетіне үлкен мән беріледі. Қызметке «дайындық», оның ішінде «психологиялық» және «кәсіби» проблемасы қазіргі ғылымда маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бірақ әлі күнге дейін біржақты түсінік жоқ. Адамның дайындық мәселесі: жалпы білім беретін мектепте оқудың басталуы, кәсіби білім алудың басталуы (кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу) және өзіндік кәсіби қызмет (Л.И. Божович, А.В. Запорожец, Л.А. Венгер). Дайындық ұғымы ғылымда 50-60 жылдары Б.Г. Ананьевтің зертханасында адамның іс-әрекеттің субъектісі ретінде зерттелуіне байланысты таралғандығын атап өткен жөн. Б.Г. Ананьев материалдық және рухани құндылықтарды өндіретін қызмет пәні сөздің жалпы мағынасында мінез-құлық пәнінен өзгеше екенін атап өтті. Пәндік қызметтің тарихи қалыптасқан формасынан тыс қызмет тақырыбын анықтау мүмкін емес, өйткені «пән – қызметтің мәні – қызмет құралдары» біртұтас тұтастықты құрайды. Адамның негізгі объективті қызметі-оның дамуы негізінде оның барлық басқа формалары, соның ішінде ойын және ілім пайда болған еңбек. «Психологиялық сөздікте» айтылғандай, кәсіби қызметке дайындықтың басты ерекшелігі оның интегративті сипаты болып табылады, ол ішкі құрылымдардың реттілігіне, кәсіби тұлғаның негізгі компоненттерінің үйлесімділігіне, олардың жұмысының тұрақтылығына, және сабақтастығына әсер етеді, яғни кәсіби дайындық психологиялық бірлікті, кәсіби тұлғаның тұтастығын көрсететін белгілерге ие, қызметтің өнімділігіне ықпал ететін кәсіби мамандығы. Көптеген ғалымдар Б.Г. Ананьев, К.М. Гуревич, Б.Ф. Ломов, А.А. Ухтомский, Д.И. Узнадзе, Н.Д. Левитова, А.А. Деркач және т.б. дайындықты, ең алдымен, алға қойылған міндеттер мен оны орындау шарттарын көрсететін тұлғаның белсенді күйі ретінде қарастырады.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау психологтар мен мұғалімдердің жеке фонда, ал басқалары функционалды, яғни, ең алдымен, психикалық функциялардың жай-күйін ескеретіндігін көрсетеді. Сонымен, А. А. Ухтомский қызметке дайындық жағдайын талдай отырып, оны «жедел тыныштық» деп атады. Жедел тыныштық – бұл әр түрлі деңгейлерде орнатуға болатын дайындық. Бұл жағдайдың механизмі, А.А. Ухтомскийдің пікірінше, «операциялық тыныштықтан» «жедел әрекетке» ауысуды қамтамасыз ететін «жүйке құрылғыларының» қозғалғыштығына негізделген. Б.Ф. Ломовтың, Д. И. Узнадзеңі және басқалардың еңбектерінде дайындық жеке тұлғаның белгілі бір қызмет түрін орындауға қатысты білімі мен дағдыларын біріктіретін тұтас психикалық құбылыс ретінде анықталады. Н. Д. Левитовтың көзқарасы бойынша дайындық адамның осы жұмысты орындауға жарамдылығы немесе жарамсыздығы, оның осы жұмысқа қажетті қабілеттерінің болуы немесе болмауы ретінде қарастырылуы мүмкін. Сыртқы себептер (сыртқы өзара әрекеттесулер) әрқашан тек ішкі жағдайлар арқылы, яғни жеке тұлға арқылы ғана әрекет ететіндіктен, С.Л. Рубинштейннің айтуынша, адамның іс-әрекетке дайындығы оның қажеттіліктерін білуі болып табылады, оны қанағаттандыру үшін олардың психикалық және физиологиялық процестерін белсендіру қажет. Зерттеуде біз студенттердің кәсіби қызметке психологиялық дайындығы мәселесін қарастырамыз. Жалпы қабылданған кезеңдерге сәйкес, Б.Г. Ананьевтің пікірінше, студенттік жас жеке кезең ретінде ерекшеленеді, оның ішінде көш жастық (17-18 жас) және ерте жетілу (22-23 жас). Алайда, атап өтіледі, көбінесе студенттік жас ерте жетілудің жас кезеңінің тәуелсіз және алғашқы кезеңдерінің бірі болып саналады (20-40 жас). В.И. Байденко және Б. Оскарссон кәсіби қызметке психологиялық дайындығы туралы айтқанда, «негізгі дағдылар» ұғымын әр түрлі жұмыс және әлеуметтік өмір жағдайларында әр түрлі формада көрінетін жеке және тұлғааралық қасиеттер, дағдылар мен білім ретінде қолданады.

Дамыған нарықтық экономика жағдайында жеке тұлға үшін анықтамаға авторлар мыналарды қамтиды:

- коммуникативтік дағдылар мен қабілеттер;
- шығармашылық;
- аналитикалық ойлау қабілеті;
- қабілеті бар, сын тұрғысынан ойлауға;
- командада жұмыс істеу қабілеті;
- өз бетінше жұмыс істеу қабілеті;
- өзін-өзі тану және өзін-өзі бағалау.

Уақытша дайындық алдағы жағдайдың ерекшеліктері мен талаптарын көрсетеді. Оның негізгі белгілері – салыстырмалы тұрақтылық, қызмет процесіне әсер етудің тиімділігі, дайындық құрылымының мақсатқа жетудің оңтайлы жағдайларына сәйкестігі. Осылайша, студенттердің кө-

сібі қызметке психологиялық дайындығы – бұл көптеген факторлардың әсерінен қалыптасатын және кем дегенде үш деңгейде қарастырылуы мүмкін жүйелік білім: процесс ретінде, мемлекет ретінде және нәтиже ретінде. Кәсіби қызметке психологиялық дайындық – бұл мұздатылған білім емес, оның шыңы мансаптың шыңы немесе пәннің кәсіби жетілуі ретінде сипатталуы мүмкін динамикалық процесс.

Әлеуметтік педагогтың кәмелеттік жасқа толмаған балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруы

**А. ИЛЯС,
Қ.Ш. МОЛДАСАН**

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды міндеті – мектеп оқушыларына білім алу қабілетін, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілетін қамтамасыз ететін әмбебап білім беру іс-әрекеттерін қалыптастыру. Сондықтан балада өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу тетіктерін «іске қосу» қажет. Бүгінгі мектеп оқушылары өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі реттеу дағдыларына, жеке тұлғаның маңызды нәтижелерінің бірі ретінде өзін-өзі дамыту мүмкіндігіне ие болуы қажет. Заманауи білім берудің басты талабы – оның гуманистік бағытқа бағытталуы, адамды басты құндылық деп санауы және тұлғаның дамуына бағытталуы. Осы тәсілмен білім берудің кез келген формалары, әдістері, технологиялары өз алдына мақсат болып табылмайды, бірақ білім берудің басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына мейлінше қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету тұрғысынан қарастырылады.

Бос уақыт – бұл жаттығулар мен жаттығулар органикалық түрде үйлесетін қызмет түрі тәрбие. Бір жағынан, бұл балада әр түрлі түрлердің қалыптасуына ықпал етеді белгілі бір құбылыстардың мәні туралы идеялар белгілі бір дағдыларды дамытады және екінші жағынан, бос уақыт адамның жеке басының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, мақсаттылық, жеке және танымдық белсенділік, шеберлік сияқты балалармен өзара әрекеттесу, іс-әрекеттерді жоспарлау, өзара көмек көрсету, ынтымақтасуға жол ашып бала өздігімен дами бастайды.

Егер мотивациялық-қажеттілік сферасын ынталандыруда біз А. Маслоудың идеяларынан бастасақ, онда өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі жүзеге асыру қажеттіліктері жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының негізгі қажеттіліктері болып табылады. Демек, тұлғаның өзіндік дамуына жағдай жасаудағы негізгі дидактикалық мақсаттардың

бірі – оқушы тұлғасының «өзіндік» мотивациялық-қажеттілік механизмін іске қосу. Білім беру үдерісінде оны іске қосуда және қалыптастыруда педагог маманның атқаратын қызметі өзекті болып табылады. Білім беруді жаңартудың қазіргі кезеңіне тән ерекшелік – мұғалімнің, психологтың басшылығымен баланың дамуына қолдауды максималды дараландыруға бағыттау. Бұл тәсілді жүзеге асыру балаларды дамыту траекториясын жасау, жеке білім беру маршруттары мен білім беру бағдарламаларын құру арқылы жүзеге асырылады.

Соңғы жылдары оқушылардың өзін-өзі дамыту және бос уақытын ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырудағы әлеуметтік-педагогикалық қолдау мәселесі айтарлықтай өзекті болып отыр және оның шешімін іздеу білім беру тәжірибесінде кеңінен көрініс табуда. Қазіргі кездегі оқушылардың өзін-өзі дамыту, бос уақыттарын тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыруда әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың идеялары ерекше сұранысқа ие және білім беруді модернизациялау тұрғысынан басымдық ретінде қарастырылады (Е.А. Александрова, Г. Бардиер, М.Р. Битянова, О.С. Газман, И.Д. Демакова, В.Н. Колесников, Т.И. Чиркова, С.М. Юсфин және басқалар) В.И. Слободчиковтың айтуынша, «... балаларға арналған білім беру мекемелерінің білім беру процесі барлық білім беру мазмұны үшін жалпыға бірдей, бірыңғай стандарттардың жоқтығымен сипатталады ... сонымен бірге баланың табиғатына, оның «қалыпты дамуына», табиғи өсуіне, мәдени және тұлғалық қалыптасуына жағдай жасайды».

Білім беру тәжірибесінде оқушылардың өзін-өзі дамытудың жеке маршруттарын жобалау және қолдану арқылы оқытуды жекелендіруді жүзеге асыру жүйелі жүзеге асырудың жақсы алғышарттары деп есептеуге болады.

Білім беру бағдарламаларын меңгерудің жеке және метан-пәндік нәтижелеріне қойылатын талаптардың контекстінде маңызды міндет келесі тұлғаның функцияларын жан-жақты дамытуға жағдай жасау болып саналуы керек. Оқушының бойында өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, бейімделу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі қорғау және өзін-өзі тәрбиелеу тетіктерін қалыптастыру қажет. Оқушылардың білім беру бағдарламаларын игеру процесін жүйелі әлеуметтік-педагогикалық қолдау арқылы олардың негізгі функцияларды жүзеге асыруға саналы қатысуына қол жеткізу керек:

- әлеуметтік-педагогикалық (білім беру арқылы оқушылардың мәдениетін сақтау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тану, өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру);

- гуманитарлық (адамның өзіндік құндылығын мойындау, оның физикалық және моральдық денсаулығын қамтамасыз ету, өмірдің мағынасын және ондағы белсенді позицияны сезіну, жеке бостандық және өз әлеуетін іске асыру мүмкіндігі);

- әлеуметтену функциясы (әлеуметтік тәжірибені қамтамасыз ету және молайту).

Білім беру барысында педагог пен оқушы арасындағы қарым-қатынас маңызды болып табылады, бұл ретте педагог бағыт-бағдар беруші, ал оқушы осы салада өзінің мәселені шешудегі ұсыныстарын беріп,

оны шешудің жолдарын ұсынушы бола алады. Оқытуда оқушының өткен кемшіліктерін ескеру емес, оның болашақта атқаратын іс-әрекетіне назар аударған жөн. Білім беру нәтижесі де оқушының тапсырманы дұрыс орындауы немесе дұрыс тапсырманың орындалуына байланысты болмақ. Сабәк нәтижесі әрбір оқушының басқалармен тіл табысуы, қажет жағдайда жағдаяттан тез шығып, шешім қабылдауы үшін өз пікірін білдіре алу мүмкіндіктеріне байланысты болады. Осы сынды оқушының өзін-өзі танытуы оның өзін-өзі даму дағдыларының қалыптасуына, біліктілігінің өсуіне әкеледі.

Балалардың өзін-өзі дамытуын әлеуметтік-педагогикалық қолдауды жүзеге асыруды ескере отырып, мұғалімнің кәсіби-педагогикалық жұмысының мазмұнын жетілдіру. Осы педагогикалық принциптің мазмұны келесі постулаттарда нақтыланған:

- білім берудің мақсаты – оқытуды жеңілдететін, тұлғалық-бағдарлы педагогикаға көшуді алдын-ала анықтайтын балалардың өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамытуға бағыттау;

- білім беру үдерісіне өзін-өзі тану мен өзін-өзі болжау әдістері мен тәсілдерін, позитивті өзіндік тұжырымдаманы қалыптастыру технологияларын, тұлғаның өзін-өзі қабылдауын және өзіндік болжамын қамтамасыз ету;

- оқу процесінде психологиялық-педагогикалық қолдауды зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас, диалог, бірлескен іс-әрекет тактикасын қолдану, дарынды балалармен жұмыс жасау бойынша психологтың ұсыныстарын қолдану арқылы жүзеге асыру;

- оқушылардың құндылық – семантикалық сферасын, іс-әрекеттің процедуралық мотивін, жеке тұлғаның ерікті қасиеттерін, шығармашылық әрекетін, шығармашылық өзін-өзі көрсетуге және қызметте өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын дамыту.

Мектептің білім беру процесінде мектеп оқушыларының жеке өзін-өзі дамыту қажеттілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін келесі шарттар орындалуы керек:

- педагогикалық процесті жобалау оқушылардың нақты және басым қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылады, яғни оқушылардың өзін-өзі дамытуы үшін керек алғышарттар оқушының қажеттілігі негізінде құрылады, әр оқушыға арналған арнайы педагогикалық карта құрылады;

- мектепте оқушылардың өзара қажеттілікке негізделген өзіндік даму стандарттарын қабылдауға ықпал ететін білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара түсіністік, өзара резонанстық өзара әрекеттесу және құндылық-бағдарлық бірлігі деңгейінің төмендеуін қамтамасыз ететін тұлғааралық қарым-қатынас кеңістігі құрылады, яғни оқушылардың бір-бірімен өзара байланысы негізінде өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру құрылады;

- мектеп оқушыларының әр түрлі іс-шараларға белсенді араласуына ықпал ететін, олардың өзін-өзі дамыту қажеттілігін ынталандыратын және осы қажеттіліктің қалыптасу динамикасын бақылауға мүмкіндік беретін педагогикалық құралдарды қолдану және тиімді пайдалану, яғни

оқыту жоспарынан бөлек арнайы іс-шаралар ұйымдастыра отырып, оқушының танымдық, мәдени қабілеттерін аша отырып дамыту;

- мектептің білім беру жүйесі өзін-өзі тануды, өзін-өзі тәрбиелеуді, мектеп оқушыларының өзін-өзі жүзеге асыруын және олардың өзін-өзі дамыту қажеттілігін біртіндеп қалыптастыруды педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндағы негізгі тұжырым, нақты оқу процесіндегі оқушымен жұмыс барысындағы жүргізілетін жұмыстар нәтижесінде оқушының өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру.

Оқушылардың өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру әр түрлі оқу іс-әрекеті түрлеріне (оқу әрекеті процесінде де, оның сыртында да) белсенді түрде қосуға болады. Дәстүрлі оқу іс-әрекеттерін (сабақтар, факультативтер) де, сыныптан тыс, сабақтан тыс жұмыстарды да (сыныптан тыс тәрбие жұмысының формалары, психологиялық сабақтар, тренингтер, үйірме және студия сабақтары) әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет ретінде қарастырса болады. Оқушының өзін-өзі дамыту дағдыларын топтық үлгі ретінде (белгілі бір ұжым) және әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық қолдау арқылы қалыптастыруға болады.

Сонымен, балалар мен жастардың бос уақытының мәні балалардың, жасөспірімдердің және жастардың еркін таңдауындағы шығармашылық мінез-құлқы және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі. Ішкі фактор (қажеттіліктер, мотивтер, көзқарастар, мінез-құлық формалары мен әдістерін таңдау) және сыртқы фактордың, (мінез-құлықты тудыратын факторлар) анықталған кәсіп пен іс-әрекеттің дәрежесі. Балалар бос уақытта өзін-өзі бағалауғы тырысады. Қоғамда қабылданған критерийлер мен стандарттарға назар аударады, өйткені өзін-өзі тану әлеуметтік ортада үлкен маңызға ие. Сонымен қатар қарым-қатынас процесінен тыс қарастырылмайды. Бос уақыт жағдайында балалар, жасөспірімдер мен жастарға әртүрлі әлеуметтік рөлдерде ойнауға мүмкіндік беретін қауымдастықтар құрылады. Осылайша, балалардың бос уақытының коммуникативті функциясы нақтыланады. Бос уақыт саласында жасөспірімдер әртүрлі әлеуметтік институттардың әсері мен ықпалына ашық. Бұл олардың моральдық сипаты мен дүниетанымына максималды тиімділікпен әсер етуге мүмкіндік береді. Ұжымдық бос уақыт процесінде жолдастық сезімнің күшеюі, шоғырлану дәрежесінің жоғарылауы, еңбек қызметін ынталандыру, өмірлік позицияны дамыту, қоғамдағы мінез-құлық нормаларын дағдылану жүзеге асады.

Балалардың бос уақытының айрықша ерекшелендіру мен қызықты етудің бір түрі-жақын адамдарымен бірге шынайы эмоцияларды сезіну. Жасөспірім үшін отбасымен немесе жақын адамдарымен бірге қызықты әрі эмоционалды уақыт өткізу өте пайдалы әрі тиімді. Эмоционалды сфера жасөспірім психологиясының дамуына да оң пайдасын тигізеді. Эмоционалды сфера оған әсер етеді және әсері көбінесе өмірлік жағдаяттарға қарағанда әлдеқайда тиімді. Басқаша айтқанда, балалардың бос уақыты идеалдарды қалыптастыруға және құндылыққа бейімділік жүйесін дамытуға қолайлы.

Менің өмірімдегі психология

Қ. БАЙЖҰМАНОВ,
М. ЖҰМАНОВ,
Б. ШУРТАНОВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінде «Жылу физика және техникалық физика» кафедрасының оқытушылары мен магистранттарының ұйымдастыруымен **«менің өмірімдегі психология»** атты кураторлық сағат өтті. Бұл шаараға жылуэнергетика мамандығы бойынша оқитын 3-курс студенттері, магистранттар қатысып, пікір алмасып, өз ойларын ортаға салды.

Магистрант Шуртанов Бауыржан **«менің өмірімдегі психология»** тақырыбында баяндама жасады. Баяндамаға қысқаша тоқталсақ.....

Мен үшін психологияның артықшылығы – ол біздің өміріміздің барлық компоненттерін ала алады. Мектеп, институт, жұмыс, отбасы, адамдармен қарым-қатынас, жеке тәжірибе – күн сайын біз көптеген мәселелерді шешуге тырысамыз, қиын жағдайларды жеңуге тырысамыз және психология бізге көмектеседі.

Мүмкін, өмірдегі кез келген адам бізге психологиялық тұрғыдан дайын болу керек екенін түсінуге бағыттайтын оқиға болуы керек. Әсіресе, қазіргі уақытта адамдарға теледидар мен интернет қатты әсер етеді. Әрине, біз жоғары Ақпараттық технологиялар дәуірінде өмір сүріп жатқанымыз жақсы, бірақ адамдар үлкен ақпараттық ағынға бейімделуді үйренуі керек. Менің түсінуімше, психология – бұл адамның ішкі, рухани әлемі туралы ғылым. Бұл ғылым адамдардың қоршаған ортамен қарым-қатынасын, сондай-ақ адамдардың өзара әрекеттесуін зерттейді. Жалпы, адамның қарым-қатынасын зерттеу процесі өте күрделі, өйткені оны түсіну қиын, әр адамның ішкі әлемі ерекше. Сондықтан психология кез келген адамның өмірінде өте маңызды рөл атқарады. Бұл адамның жеке басының ішкі мотивтерін түсінуге, оның мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін анықтауға көмектеседі.

Менің өмірімде психология маңызды рөл атқарады, өйткені менің айналадағы барлық нәрсе менің санама әсер етеді деп санаймын. Психология маған өзімді жақсы зерттеуге көмектеседі, адамдарды түсінуге үйретеді, тұлғааралық қарым-қатынасты қалай тиімді құруға және менің кәсіби өзін-өзі анықтауымды түсінуге көмектеседі, ең бастысы отбасы мүшелерімен және туыстарымен қарым-қатынастағы қиындықтарды шешуге мүмкіндік береді.

Баяндама нақты, әрі толық түсіндірілді. Сабақ соңында студенттерімізбен кері байланыс орнатып, қойылған сұрақтарға жауап берілді. Сабағымыздың жоғарғы деңгейде өтуіне тікелей студенттердің белсенді қатысуымен, оқытушы және магистранттарымыздың дайындығы себепші болды.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолдары

Б. ТАҒАЕВ

Бос уақыт – бұл «демалыс» сөзінің синонимі. «Бос уақыт» ұғымына көптеген анықтамалар берілгеніне қарамастан оларға ортақ төменгі анықтама болып есептеледі, яғни «Бос уақыт» дегеніміз – жұмыстан, оқудан бос уақыттың тек өзіне бағыттала, өз бетінше жұмыс істеуіңе, сауықтыру мәселелеріне араласуына мүмкіндік беретін уақыт. Мәдени іс-шараларға тарту негізінде студенттердің жеке бастарының рухани-моральдық дамуына әсер етеді, олардың рухани дүниесінің өзгеруіне мүмкіндік жасалып, тәртіптілікке ынтасын баулу мақсаты жүзеге асады және танымдық шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына жағдай туғызады. «Бос уақыт» жайлы анықтамалар ертеден-ақ ежелгі философ Аристотелдің «Никкомаховой этики» атты еңбектерінде қарастырылған еді. Философтың ойынша, «адамның барлық өмірі «білім алуда» және «бос уақытта» белгіленеді, ал адамның барлық іс-әрекеті қажетті және пайдалы кейде асқан көркемділік пен сұлулыққа бағытталады». Ш. Фурье, А. Сан-Семон, Р. Оуэн тұжырымдамаларында тұлғаның жан-жақты, толыққанды дамуы үшін бос уақыт мөлшерін ұлғайту керек деген тоқтамға келеді. Шопенгауэр «бос уақытты» тұлғаның өз «менін» тануға мүмкіндік туғызатын уақыт деп анықтама берген.

«Бос уақыт» ұғымын зерттеген атақты Ресей зерттеушісі Э.В. Соколов ойынша, «адам белсенділігінің барлығы екі фазадан құралады. Бірінде энергия жұмсалады, ал екіншісінде энергия қалпына келтіріледі». Осы бөлініске қарай шығармашылық фаза (креативті), ал екіншісін қалпына келтіруші фазаны (рекреативті) деп атаған. Бұл фазалар арасында байланыс және тәуелділік байқалатыны сөзсіз. Ғалымның пікірі шығармашылық фазасы көбіне еңбек уақытымен сәйкес келсе, рекреативті фаза бос уақытпен сәйкес келеді, ал бос уақыт ұлғайса, «барлық сапалы шығармашылық уақыты туындайды», - деген тоқталымға келген. Бірақ барлық бос уақыт тұлғаның жағымды жақтарының дамуының кепілі деп есептеуге болмайды. «Бос уақыттағы іс-әрекеттер құрғыш және бұзғыш болуы мүмкін; адамның таңдау мүмкіндігі

болғандықтан ол өз бос уақытын өзі қалағанынша өткізуі мүмкін», - деген.

Бос уақыт қызметінің алуан түрлерін бес топқа бөлуге болады:

- *тынығу* – шаршағанды басады, адамның физикалық және рухани күштерін қалпына келтіреді (кітаптар оқу, дене шынықтыру, әуен тыңдау және т.б.);

- *көңіл көтеру* – бос уақыт қызметі ретінде біртекті еңбектің орнын баса отырып, орнын басу сипатына ие. Адам көңіл көтере отырып, өзінің бос уақытына еңбекте де, тынығуда да жүзеге асыра алмайтын физикалық және рухани ерекшеліктері мен бейімділіктерін қосады (кинофильмдер қарау, мұражайларға бару, концерттер тамашалау және т.б.);

- *мереке* – онда тынығу мен көңіл көтеруді біріктіреді (халықтық, саяси, діни, кәсіби, отбасылық мерекелері);

- *өздігінен білім алу* – адамдарды, әдетте, кәсіби дайындықпен, біліктілікті арттырумен байланысты емес мәдениет құндылықтарына тартуға бағытталған (әдебиет оқу, семинарларға, іскерлік ойындарға қатысу, экскурсиялар, дәрістер, әуен тыңдау және т.б.);

- *шығармашылық* – бос уақыт қызметінің неғұрлым жоғары деңгейі [7].

К.Д. Ушинский: «Егер адам бос уақытында не істерін білмесе, онда оның басы да, жүрегі де, адамгершілігі де жойылады», - деп жазған. Бос уақытты ұйымдастыру қызметін бір-бірімен байланысты шартты топтарға бөлуге болады. Олардың біріншісіне кең мағынадағы оқу және өзіндік білім алу жатады. Ол әр түрлі мәдениетті ұжымда және жеке жерде меңгеру мұражайларға, көрмелерге, театрларға, көріністілік, мерекелік кештер, кітап оқылымы, телехабарларды көру және т.б.

Бос уақытты ұйымдастырудың басқа тобы болып әр түрлі жанкүйерлік және қоғамдық қызмет көрсетіледі, дербестік және ұйымдасқан (мәдени мерекелер және спорттық ұйымдар) оқу және хобби (әуестік) жатады. Бұл іс-шаралар арқылы балаларды жаңа достар табуға, жалғыздық күйінен шығуға, қызығушылықпен ойлауға, қабілетті адамдарды табуға, пайдалы әлеуметтік байланыстар орнату, бос уақытты тиімді әрі қызықты өткізуге,

көңіл көтеруге мүмкіндік береді. Әрбір тұлғаның жан-жақты дамуы, өнерлі болып тәрбиеленуі, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар арқылы жүзеге асады. Осыған байланысты балаларға қосымша білім беру ұйымдарында, оқудан тыс уақытта балаларды өнерге баулу, танымдық қызығушылығын ояту, бос уақытын мазмұнды өткізу басты мәселенің біріне айналууда.

Десек те, көпшілік ата-аналардың пікірінше, балалардың көпшілігі бос уақытын компьютер, смартфон алдында өткізеді. Ал, бала табиғатынан көп қимылдауға, ойнап серігуге бейім болып келеді. Бұның барлығы оқу орнының тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мәселесіне келіп тоқталады. Белсенді шығармашыл тұлға қалыптастыруда білім берудегі тәрбие ісі, тәрбиелеу мазмұны ешқашан маңызы мен өзектілігін жоғалтқан емес.

Балалардың бос уақыттарын дұрыс пайдалана білуі – қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бос уақытты тиімді пайдалану жолдарына өнерді үйрену, шығармашылық ізденіс, дене тәрбиесін жетілдіру, рухани даму, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатынасу және т.б. іс-әрекеттерді жатқызамыз. Бала бос уақытында пайдалы іс-әрекетпен айналысу арқылы психологиялық денсаулығын да дамыта алады. Бұл әрекетке жас кезінен бейімдеген жөн деп есептеймін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық анимация: оқу құралы/ Ұ.Б. Төлешова, М.Д. Мурзагулова, Д.Б. Оспанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 107 б.
2. «Сохраним то, что есть в детях: С.Т. Шацкий и В.Н. Шацкая / Сост., предисловие М.Б. Зацепиной.»: Карапуз; – М.; 2011.
3. Акимова Л.Н. Психология спорта: Курс лекций. – Одесса: Студия «Негоциант», 2004. – 127 с.

Ұлттық бірыңғай тестке мектеп бітірушілердің ата-аналарына психологиялық көмек

К. ИБАДУЛЛАЕВА

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні – өз ұрпағы. Отбасының жылылығы мен ынтымағын, бірлігі мен тыныштығын, қамқорлыққа, мейірімділікке, сүйіспеншілікке негіздеп құрып, сақтап отыруы керек.

Белгілі отбасылық дәрігер Виржиния Сатирдің пайымдауынша, баланың өмір сүруі үшін оны күніне 4 рет құшақтау керек, денсаулығы мықты болу үшін 8 рет құшақтау керек, ал олардың өсуі үшін 12 құшақ қажет екен.

Ал сіз балаңызды неше рет құшағыңызға аласыз?

Балаңызға деген өз махаббатыңызды көрсетудің бірден бір тиімді жолы – оған барынша зейін қою. Бала үнемі ата-анасымен рухани қарым-қатынаста болуды қажет етеді. Есейгенге дейін олар ата-анасымен сөйлесуге, олардың қасында болуға мұқтаж. Баланың өсіп, дамуы үшін тамақ қаншалықты қажет болса, ата-ананың мейірімі де соншалықты керек. Шаршадым, қолым бос емес деген сылтауларға жеңдірмей, үнемі балаларыңыздың көңіл-күйін, олардың проблемаларын түсінуге, тыңдай білуге тырысыңыз. Балаңызбен қаншалықты көп уақыт өткізсеңіз, сіздердің қарым-қатынасыңыз да соншалықты жақын болмақ. Балаларыңызға арнаған уақытыңыз сіздердің араңыздағы бір-біріңізге деген сенімнің ұзақ жылдарға сақталуына септігін тигізеді. Балаңыз өзінің жетістіктері мен қиындықтары туралы ең алдымен сізбен бөлісетін болады. Сіздердің бірге өткізген уақыттарыңыз екі тарапқа да пайдалы болады.

Алда үлкен жауапкерлік артылған тапсырма тұр. Ол – ҰБТ-дан сүрінбей өту, жақсы нәтиже көрсету.

ҰБТ-ға қатысатын оқушыларымыздың қобалжуы, өздеріне деген сенімсіздігі ертеңгі күнде біз ойламаған түрлі іс-әрекеттерге әкелуі мүмкін. Сол себепті ҰБТ-ға қатысатын оқушылардың ата-аналары үнемі қолдап отыруы қажет. Кез келген талапкер үшін уақыт пен еңбекқорлық, ізденіс керек. Тесті жақсы тапсырып, ең төменгі өту баллын қиналмай алуына ата-ананың қолдауы қажет. Ата-аналар баланың пікірін тыңдай біліңіз, не қажет екенін тыңдай біліңіз, оған ерік беріңіз, бала айтпай-ақ білетін

көреген болыңыз. Баланың қателігін көре тұра, оған сенетінінзді көрсетіңіз. Әрдайым күлімдеп, қасында бірге екеніңізді білдіріңіз. Балаға әрқашан қол ұшын созыңыз. Бала қай жаста болмасын, Сіз оның көмекшісі, қорғаушысы екеніңізді біліп отыруы тиіс.

Оқушыны психологиялық жағынан ҰБТ-ға дайындауда ата-аналарға кеңес:

1. Балаңыздың ҰБТ-ға барар алдындағы алдын ала тестілеу кезінде алып жүрген ұпайларына немқұрайдылықпен қарамай, дұрыс ақыл-кеңес беруге тырысыңыз;

2. Балаңыздың күнделікті ҰБТ-ға дайындалатын белгілі бір уақыт, орны болуына жағдай жасаңыз;

3. Балаңыздың көңіл-күйіне, денсаулығына әрқашан назар аударып отырыңыз;

4. Балаңызды алдағы уақытта жетістікке жететініне үнемі сенім артыңыз;

5. Балаңыздың дұрыс тамақтануына, әсіресе, есте сақтау қабілетін арттыратын жеміс-жидектерге, дәрумендерге көп көңіл бөліңіз және қамтамасыз етіңіз;

6. Балаға шамадан тыс ауыртпалық жүктеп, шаршатпаңыз. Дұрыс дем алуын қадағалаңыз;

7. Ешқашан балаңызды сынап-мінемеңіз. Ақылмен ұғындырыңыз. Сабырлы болуға баулыңыз.

Балалармен әңгімелескенде баланың пікірімен үлкен адамдай сана-сып, сөзіне көңіл қойып тыңдап, түсіне білген әрі әділ, шыншыл болған ата-ана баланың нағыз сырлас досына, үлгі алар өнегесіне айналады. Ата-ана бала дүниеге келгеннен бастап тазалық пен әдептілікке, айналасындағы заттарға дұрыс қарым-қатынасқа қалыптастырады, күнделікті еңбегін дұрыс ұйымдастырып, кездескен қиындықты жеңуге қол ұшын беріп, еңбекке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ойшылдыққа тәрбиелейді. Алайда, кейбір ата-аналар өз баласының тәртіпсіздігіне мән бермейді, жауапкершілікке тәрбиелемейді, есейген соң ақылы кірер деп еркінсітеді. Мұғалімдер айтқан сынға немқұрайды қарайтын ата-аналар қаншама.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан өнеге – тәлімін де, салт-дәстүрін де, жастарды еңбекке баулу ерекше орын алады. Еңбекқор әкелер мен аталардың балалары да нәтижелі еңбек етіп жүргені елге мәлім.

Гипербелсенді балалармен психологиялық жұмыс

М. ИРГАЗИЕВА

Мақсаты: достарына көмектесуге, бірігіп жұмыс жасауға тәрбиелеу. Балалардың эмоциялық күйінде агрессия түрлерін меңгереді. Психологиялық кернеуден шығуына жағдай жасауға үйрету.

Керекті құрал-жабдықтар: гүл, көбелек, ПВА желім, түрлі түспен боялған күріш, үлгі сурет шарлар.

Әдісі: әңгімелеу, ойын жаттығулары.

Ұйымдастыру кезеңі.

«Айқай қапшығы» ойыны.

Мақсаты: Балалардың ішкі агрессиясын сыртқа шығару.

Шарты: Ортаға шақырып, «тыныш» отыр, «дауысыңды шығарма» сөздерінен ішкі ашу ызасын шығара алмаған балаларға ортада емін-еркін өз ашу ызасын сыртқа шығаруға ұсыныс жасасу.

«Екі қошқар» ойыны.

Мақсаты: Таңертең екі қошқар көпір үстінде кездесті. Ойыншылар жұп-жұп болып бөлінеді. Аяқтарын алшақ қойып, кеудесін сәл алға еңкейтіп, маңдайымен екі қолымен түйіседі.

Тапсырма: Аяқтарын бір орнынан қозғалтпай бір-біріне қарсы тұрады. Кімде-кім орнынан қозғалса – сол жеңілген. Сүзіскенде «Бе-е-е» деп дыбыстауға болады.

Ескерту: Жүргізуші «қошқарлардың» бір-бірінің маңдайын ауыртып, майып болмауын қадағалауы қажет.

Негізгі кезең.

Тыныс алу жаттығуы «Гүлдегі көбелек»

Шарты: Балалар гүлге көбелек қоныпты, енді көбелекті гүлден үрлеп ұшырайық. Мұрынмен тыныс алып ауызбен шығарамыз.

Шығармашылық жұмыс: «Гүл мен көбелек» ойыны.

Мақсаты: Балаларды ұқыптылыққа, әдемілікке баулу.

Қажетті заттар: Түрлі-түсті күріш, парақ, ПВА желім.

Шарты: Қағаз бетіне әр қатысушы алдын-ала салынған суретке ПВА желім арқылы түрлі-түсті күрішті себу арқылы салады.

Саусақ жаттығуы.

Шарты: Алдарында тұрған антистресс шарымен оң, сол қолға жаттығу жасау.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып,
Бір тынығып алайық.
Қанатымызды жазамыз,
Жоғары – төмен ұшамыз.
Биікке көкте айналып,
Жұлдыздай болып жанамыз.

Қорытынды: Мадақтау, көңіл-күйлерін көтеру.

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Эмоциясын сыртқа шығара алады.

Түсінеді: Топпен бірігіп жұмыс жасауды түсінеді.

Қолданады: Психологиялық кернеуден шығуды қолданады.

Мамандық – өмір таңдауы

Д. МОМЫНҚҰЛОВА

Мақсаты: оқушыларға мамандық таңдау, классификациялық белгілері, мамандықтар тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін кеңейте отырып, қызығушылықтары мен қабілеттерін айқындауға көмектесу.

Әдіс-тәсілдері: ойын-жаттығулар

Пайдаланылатын құрал-жабдықтар: доп, А4 парағы, карточкаға жазылған мамандықтар

Барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесіп, бүгінгі көңіл-күйлерімен танысу. Тренинг ережелерімен таныстыру.

1. Психологтың кіріспе сөзі. Мамандық таңдау – өте жауапкершілікті іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қоғамның дамуына мамандық иелерін жоғары кәсіби біліктілікті, коммуникативтік қабілеті, еңбек етуге деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты, өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыруға даяр болатын мамандық иесін талап етеді. «Мамандықтың бәрі жақсы, қалауыңша таңдай біл» демекші, қандай мамандық болса да өз ерекшелігіне қарай жақсы болмақ. Тек өз ісіңе сүйіспеншілік болса ғана, әрбір маман иесі өз жұмысының жемісін көріп, мамандығының шыңына жетеді. Сондықтан әрбір адам өзінің қарым-қабілетіне қарай болашағын таңдау қажет.

2. «Мамандықтар әлемінде» жаттығуы.

Шарты: Кез келген оқушыға бір мамандықты атап, допты лақтыра-

мын. Қағып алған оқушы, жаңағы айтылған мамандықтың соңғы әрпінен басталатын мамандықты айтады. Мысалы: мұғалім-мейірбике, т.б. ойын осылайша жалғаса береді.

3. «Әріпті мамандық» ойыны.

Нұсқау: Қатысушылар екі топқа бөлініп, әр топқа бір-бір әріптен беріледі. Қай топ сол әріптен басталатын мамандық аттарын көп атаса, сол топ жеңіске жетеді. Сонымен қатар, өздері тапқан мамандықтарының қыр-сырын айтулары керек.

4. «Мамандықты тап» ойыны.

Тренингке қатысушыларға карточкаларға жазылған мамандықтар таратылады, ал олар сол мамандықтарды ыммен көрсетуге тырысуы керек. Қалғандары мамандықты табулары керек.

Хатшы. Мұғалім. Кітапханашы. Есепші. Банк қызметкері. Механик. Сатушы. Дәнекерлеуші.

5. Егер де, мен ... болсам, келешекте мен

Оқушылар көп нүктенің орнына өздері таңдаған мамандықты қойып, сол мамандықты таңдаудағы жететін жетістіктері жайлы ойларын қысқаша түйіндеу қажет.

6. Бұл қай мамандық?

Нұсқаулық: Бұл ойында оқушылар төмендегі берілген сипаттамаға сәйкес белгілі бір мамандық иесін анықтауы тиіс.

1. Жұмыс құралы: кеңсе құралы.
2. Еңбектің мақсаты: қызмет көрсету.
3. Еңбектің орындалуы: тік тұрып.
4. Еңбектегі қарым-қатынас ортасы: адамдармен.
5. Еңбектегі жауапкершілік: әдемілік және денсаулық.
6. Жұмыстың ерекшелігі: күнделікті табыс.
7. Жұмыстың ауыртпалығы: денсаулыққа зиян, жүйке қызметінің бұзылуы, әр түрлі аурулардың жұғуы, төменгі сатыдағы мамандық.
8. Жұмыс уақыты: азаннан кешке дейін, ешкімге тәуелді емес.
9. Сол жұмысқа қажетті білім: орта білім, арнаулы орта білім, жоғары білім.

Жауабы: шаштараз.

7. Қорытынды. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде кім өзінің ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ, Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, өмірде өз мақсаттарымызға жету үшін қабілетімізге қарай мамандықты таңдай білейік!

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБУЛОВА Лайла – воспитатель-дефектолог КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» Управления образования акимата Костанайской области.

АМИРКУЛОВА Ж.А. – ғылыми жетекші, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті. Алматы қаласы.

АХМЕТ Гүлмира Нұрмаханқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 4-курс студенті. Алматы қаласы.

БАЙЖҰМАНОВ Қ. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Жылу физика және техникалық физика» кафедрасының доценті. Алматы қаласы.

ЖҰМАНОВ М. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Жылу физика және техникалық физика» кафедрасының доценті. Алматы қаласы.

ИБАДУЛЛАЕВА Каракас Зейдиновна – Түркістан облысының Адами әлеуетті дамыту басқармасының Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің педагогика және психология әдіскері. Түркістан облысы.

ИЛЯС Айсұлу Тойшыбекқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 4-курс студенті. Алматы қаласы.

ИРГАЗИЕВА Жанар Муратовна – Құрманғазы ауданының зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы КММ психологы. Атырау облысы.

КУТУБАЕВА Айгуль – воспитатель-дефектолог КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» Управления образования акимата Костанайской области.

ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА А. – ғылыми жетекші, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, педагогика ғылымының кандидаты. Алматы қаласы.

МОЛДАСАН Қ.Ш. – ғылыми жетекші, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті доценті, педагогика ғылымының кандидаты, Алматы қаласы.

МОЛДАХАНОВ Исенбай Отегенұлы – Yessenov University Білім беру мектебінің аға оқытушысы. Ақтау қаласы, Маңғыстау облысы.

МОМЫНҚҰЛОВА Динара Махамбетқызы – «№44 орта мектеп» КММ педагог-психологы. Нұр-Сұлтан қаласы.

НАЙМАНОВА Жанара Тулепбергеновна – *Жалаңтөс Баһадүр Сейтқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің психологы. Қызылорда қаласы, Қызылорда облысы.*

ПЕРЛЕНБЕТОВ Мухан Атенович – доктор психологических наук, профессор, проректор Академии Кайнар, Президент РОО «Казахское психологическое общество», академик КазНАЕН. г. Алматы.

РАХМЕТУЛЛАЕВА Назерке Алмасовна – Жанқожа батыр атындағы №269 орта мектептің педагог-психологы. Қармақшы ауданы, Қызылорда облысы.

САРТБАЕВА Шынар Серікқызы – «Арша» балабақшасының тәрбиешісі. Алатау ауданы, Алматы қаласы.

САТЫБАЛДЫ Еламан Маратұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті философия мамандығының 4-курс студенті.

ТАГИБЕРГЕНОВА Айни Ануарбековна – №14 мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі. Арал қаласы, Қызылорда облысы.

ТАҒАЕВ Бекмұрат Жүргенбайұлы – С. Сейфуллин атындағы жалпы орта мектеп КММ-нің әлеуметтік педагогы және өзін-өзі тану пәні мұғалімі. Аққұм ауылы, Отырар ауданы, Түркістан облысы.

ШУРТАНОВ Бауыржан – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Жылу физика және техникалық физика» кафедрасының магистранты. Алматы қаласы.